

АНА ТІЛІ

ЖӘНЕ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫ

1-бөлім

3

*Жалпы орта білім беретін мектептің
3-сыныбына арналған оқулық*

*Өзбекстан Республикасы Халыққа білім
беру министрлігі баспаға ұсынған*

Жаңа басылым

ТАШКЕНТ – 2022

УУК 811.512.122(075.3)
КБК 81.2(5Каз)
А 14

Құрастырушылар:
Абдувалитов Н, Байтураева М

Пікір жазғандар:

- А. Нисанбаева** – Низами атындағы ТМПУ доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты;
З. Сарсенова – Төменгі Шыршық ауданына қарасты 12-мектеп бастауыш сынып оқытушысы;
А. Буртешова – Ташкент облысы, Бостандық ауданына қарасты 53-мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні оқытушысы;
А. Ганиева – Қыбырай ауданына қарасты 9-мектептің бастауыш сынып мұғалімі;
У. Сиздикова – Қыбырай ауданына қарасты 9-мектептің бастауыш сынып мұғалімі.

ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР:



Сабақтың басталуы



Айтылым



Сұрақтар



Жазылым

Ана тілі және оқу сауаттылығы 3-сынып [Мәтін]: оқулық / Н. Абдувалитов [тағы басқ.].
1-бөлім. – Ташкент: Республикалық білім орталығы, 2022. – 144 б.

ISBN 978-9943-7811-3-9

УУК 811.512.122(075.3)
КБК 81.2(5Каз)

Республикалық мақсатты кітап қорының қаржылары
есебінен басылды.

Оригинал макет және дизайн концепциясын
Республикалық білім орталығы жасады.

ISBN 978-9943-7811-3-9

© Республикалық білім орталығы, 2022

Мазмұны

I ТАРАУ МЕН, СЕН, ОЛ ЖӘНЕ ОЛАР ТӘУЕЛСІЗДІК АЛАҢЫ

1-сабақ	Отан	5
2-сабақ	Тәуелсіздік – теңдесі жоқ байлығым	6
3-сабақ	Тәуелсіздік	7
4-сабақ	Менің елім	8
5-сабақ	Отан	10
6-сабақ	Отанға деген сағыныш	11

ТАПҚЫР БАЛАЛАР

7-сабақ	Дарынды балалар туралы қызықты деректер.	13
8-сабақ	Өнерлі бала	14
9-сабақ	Ойлап табылған дүниелер	16
10-сабақ	Ғылымға өзгеріс енгізіп	18
11-сабақ	Ең үлкен қазына	20
12-сабақ	Біз осылаймыз, ал сендерші?	22

ҚОҒАМДЫҚ ТРАНСПОРТТА

13-сабақ	Көлікке мінгенде	23
14-сабақ	Жолдан өткенде	25
15-сабақ	Жол белгілері	26
16-сабақ	Қоғамдық транспортта	28
17-сабақ	Жолдағы кедергі	29
18-сабақ	Жолда	30
19-сабақ	Мен не үйрендім?	31

II ТАРАУ. ТАБИҒАТ СЫЙЫ ӨЗБЕКСТАН ТАБИҒАТЫ

20-сабақ	Жер анамыз	32
21-сабақ	Кім күшті?	33
22-сабақ	Таза ауаны қайдан аламыз. Тура және ауыспалы мағыналы сөздер	35
23-сабақ	Шөлдегі сағым. Синоним	36
24-сабақ	Жер тауға шағынды	37
25-сабақ	Мен не үйрендім?	38

АНТРАКТИДА

26-сабақ	Антрактида. Антонимдер	39
27-сабақ	Антрактида да не бар?	40
28-сабақ	Антрактида елінде	41
29-сабақ	Жануарлар мен өсімдіктер дүниесі. Омоним.	42
30-сабақ	Ақ аю	43
31-сабақ	Пингвиндер	44

ӘЛЕМДЕГІ МҰХИТТАР

32-сабақ	Әлемдегі мұхиттар. Сөйлем	45
33-сабақ	Су асты әлемі	46
34-сабақ	От пен су ертегісі. Хабарлы сөйлем	47
35-сабақ	Екі жұтым су	50
36-сабақ	Дүниежүзілік мұхиттың ластануы	51
37-сабақ	Мен не үйрендім?	52

ӘМУДАРИЯ ӨЗЕНІ

38-сабақ	Әмудария өзені. Сұраулы сөйлем	53
39-сабақ	Өзен	54
40-сабақ	Мейірімді Өзен. Лепті сөйлем	55
41-сабақ	Асау Өзен. Бұйрықты сөйлем	56
42-сабақ	Мен не үйрендім?	58

III ТАРАУ. ДЕНСАУЛЫҚ – ТЕРЕҢ БАЙЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ

43-сабақ	Денсаулық	59
44-сабақ	Тазалықты сүйемін. Зат есім	60
45-сабақ	Қалай дұрыс тамақтану керек?	61
46-сабақ	Қомағайлық. Жалқы және жалпы зат есім	62
47-сабақ	Қожанасыр мен ашқарақ	64
48-сабақ	Сусын туралы жыр	65

ДӘРУМЕНДЕР

49-сабақ	Дәрумендер дауасы. Негізгі және туынды зат есім	67
50-сабақ	Дәрумендер тірегің	69
51-сабақ	Дәрумендер тілге кіргенде	70
52-сабақ	Білген жөн болар	71
53-сабақ	Дәрумендер қайда бар?	73
54-сабақ	Дәрумендер	75

ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАЙМИЗ

55-сабақ	Табиғатты қорғаймыз. Дара және күрделі зат есімдер	77
56-сабақ	Жердің киесі	78
57-сабақ	Судың да сұрауы бар	79
58-сабақ	Қандай болып өсемін?	81
59-сабақ	Табиғатым	82
60-сабақ	Ұрпақтардан –ұрпақтарға мұра етіп	83

ВИРУС БҰЛ НЕ?

61-сабақ	Бактериялар. Деректі және дерексіз зат есімдер	84
62-сабақ	Бактериялар қайда өмір сүреді?	85
63-сабақ	Вирустар	87
64-сабақ	Тұмау (Грипп)	88
65-сабақ	Қарабай-ау, Қарабай	89
66-сабақ	Бұл баланы кім дейді?	91
67-сабақ	Мен не үйрендім?	92

**IV ТАРАУ. МАМАНДЫҒЫМ – МАҚТАНЫШЫМ
ЖАЛҚАУЛЫҚ ЖАМАН – ІНДЕТ**

68-сабақ	Еңбекпен тапқан ақша. Сын есім	93
69-сабақ	Жалқау мысық	94
70-сабақ	Жалқаугүл мен Іскергүл	96
71-сабақ	Әділдің арманы. Дара және күрделі сын есімдер	97
72-сабақ	Сәтемір хан	99
73-сабақ	Еріншек	100
74-сабақ	Не жақсы?	102
75-сабақ	Жалқау бала	103
76-сабақ	Ғылым таппай мақтанба	104
77-сабақ	Балаларға насихат. Негізгі және туынды сын есім	105
78-сабақ	Болайықшы осындай	107
79-сабақ	Мен не үйрендім?	108

БАҚША

80-сабақ	Мамандығым-мақтанышым (басы). Сан есім	109
81-сабақ	Мамандығым-мақтанышым (жалғасы)	111
82-сабақ	Адамның күні адаммен	113
83-сабақ	Басты нәрсе өмірде. Есептік және реттік сан есімдер	114
84-сабақ	Диқан баба (Аңыз)	115
85-сабақ	Ақылды егінші	117
86-сабақ	Қайдан келдің бауырсақ. Жинақтық сан есім	119
87-сабақ	Астық жеміс жиылды	120
88-сабақ	Егінші мен қасқыр	121
89-сабақ	Нөл, бір, екі, үш деймін	123
90-сабақ	Мен не үйрендім?	124

**V ТАРАУ. ЖАС ҮНЕМДЕУШІ
ҚОРДАҒЫ АҚШАЛАРЫМ**

91-сабақ	Ақша туралы менің ойым. Болжалдық сан есім	126
92-сабақ	Ақша	127
93-сабақ	Қосымша ақша туралы келіскен жоқпыз	129
94-сабақ	Ақшаны пайдаға жарату	130
95-сабақ	Ақшаны қайдан аламыз?	131
96-сабақ	Шығындарды қысқартайық	132
97-сабақ	Ақша туралы ойлар. Топтық сан есім	134

ЖЕТІ ҚАЗЫНА

98-сабақ	Барлық әлемге тән жеті қазына	135
99-сабақ	Білген артық болмайды. Бөлшектік сан есім	136
100-сабақ	Жеті қазына	137
101-сабақ	Кітап мәңгілік қазына	138
102-сабақ	Ана	139
103-сабақ	Ит - жақсы дос	140
104-сабақ	Мен не үйрендім?	141

I ТАРАУ. МЕН, СЕН, ОЛ ЖӘНЕ ОЛАР

ТӘУЕЛСІЗДІК АЛАҢЫ



Өлеңді түсініп оқы.

1

Отан

Отан – сенің, ата-анаң,
Отан – досың, бауырың.
Отан – өлкең, астанаң,
Отан – аудан, ауылың.



Отан – тарих, Отан – тіл
Жасаған елің, ер халқың.
Отан – өлең, Отан – жыр,
Көтерген көкке ел даңқын...



Отан осы, достарым,
Көңілге мұны түйе біл.
«Отан» деп өс, жас қауым,
Оны ардақтап, сүйе біл...

5



1. Өлең неліктен «Отан» деп аталған?
2. Өз тарихын, тілін құрметтемеген Отанын сүйе алады ма?
3. «Отан» деп өс, жас қауым, Оны ардақтап, сүйе біл...» деген өлең жолдарын топта талқыла.

Сөйлеу – тіл арқылы жүзеге асады. Тілдің көмегімен адамдар қоршаған орта туралы көптеген жаңа және қызықты нәрселерді біледі. Олар оқиды, ойланады, өз ойларын ортаға салады, білгенін айтады, бір-бірімен қарым-қатынас жасайды.



1-тапсырма. Мақалдарды оқы. Өлең мазмұнына сәйкес келетінін тап.

1. Егіннің жайын екен білер.
2. Ексең егін, ішерсің тегін.
3. Сәуір болмай, тәуір болмас.

4. Отансыз адам – ормансыз бўлбўл.
5. Еңбегің қатты болса, татқаның тәтті болар.



2-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті жалғауларды қойып, мәтінді көшіріп жаз. Жалғау жалғанған сөздің астын сыз.

Өзбекстан... мемлекеттік тілі – өзбек тілі. Мұнда бірнеше ұлт өкіл...і тұрады. О... бір-бірімен тату.



3-тапсырма. Тірек сөздерді пайдаланып, «Туған елім – мақтанышым» тақырыбында әңгіме құрап жаз.

Тірек сөздер: мемлекет, туған ел, мақта, Өзбекстан, тәуелсіз, кең-байтақ, мақтан етемін, ұлттық байлығы.



Тәуелсіздік – теңдесі жоқ байлығым

2

Мәтінді түсініп оқы.

6

1991 жыл 31-тамыз күні Өзбекстан Республикасының тәуелсіздігі жарияланды. Тәуелсіздік күні жыл сайын халқымыздың рухани өмірінде ерекше орын алатын ең ұлы мереке ретінде аталып өтуде.

Мемлекет басшысының бастамасымен тіліміз, дініміз, ұлттық мерекелеріміз болған Наурыз, Ораза айт, Құрбан айт сияқты ұлттық мейрамдарымыз қайта жанданды. Мемлекеттік рәміздер қабылданды. Ташкенттегі мемлекеттік Темурилер тарихи мұражайы, Хазірет Имам, Самарқанттағы Имам Бұхари, Үргеніштегі Джалолиддин Мангуберді, Термездегі Алпамыс мемориалдық кешендер тәуелсіздік арқасында салынды және қайта жаңартылды. Соңғы жылдарда мемлекетімізде адамдарды тамсандыратындай өзгерістер жасалуда. Елімізде жасампаздық жұмыстары күннен-күнге күшейіп, керемет ғимараттар, саябақтар мен көздің жауын алатын көпірлер салынуда.



1. Тәуелсіздік күні қайсы күні тойланады?
2. Биыл егемендігімізге неше жыл толды?
3. Елімізде тәуелсіздік құрметіне арналған қандай ескерткіштер бар?



1-тапсырма. Төменде берілген атаулы күндер тізбегін айтып бер.

1991 жыл 31-тамыз

1992 жыл 2-шілде

1991 жыл 1-қыркүйек


1992 жыл 8-желтоқсан

1991 жыл 18-қараша

1992 жыл 10-желтоқсан



2-тапсырма. Кесте негізінде сөйлем құрап жаз.



3-тапсырма. «Отан алдындағы менің борышым» тақырыбында эссе жаз.

7



Тәуелсіздік

3

Өлеңді түсініп оқы.

Тәуелсіздік тұғырына қонғалы,
Халқымыз игі істерін қолға алды.
Жаһанданып байтақ жерім байрақты,
Елбасымен еселенсін ел бағы.



Бәсекеге қабілеті нықталған,
Болашаққа бағыт бұрған оң қадам.
Келісімдер көкжиегі қол бұлғап,
Татулықпен ғұмырлары нұрланған.



Тәуелсіз ел, қанатыңды биік қақ,
Ұлы халқың әрқашанда аққа жақ.
Керегесін кең ұстаған кемеңгер,
Халқымызға мәңгі болсын осы бақ!

1. Өлең не туралы?
2. Тәуелсіздік жылдары елімізде қандай өзгерістер болды?

1-тапсырма. Мемлекеттік рәміздеріміз жайлы не білеміз?



2-тапсырма. Берілген кестелер негізінде, дұрыс және нақты жауапты тауып жаз.

Мемлекеттік құрылымы

Ташкент

Мемлекет басшысы

президент

Астанасы

республика

Мемлекеттік тіл

сом

Ұлттық валютасы

өзбек тілі

3-тапсырма. Көркем жаз.

Өзбекстан – тәуелсіз мемлекет. Ол 1991 жылы 1-қыркүйекте тәуелсіздігін жариялады. Еліміз әлемге танылған мемлекет болды.



4

Менің елім

Өлеңді түсініп оқы.

Көкірегімнің үміті мен тілегі,
Күй боп түлеп, күн боп шығып күледі.
Күн астында көк төбелер түледі,
Менің елім, менің елім – гүл елі!

Айтпағым бір ағыл-тегіл сыр еді,
Шежіреңе ол өлең болып кіреді.
Мендегі өнер сен деп өмір сүреді,
Менің елім, менің елім – жыр елі!




Қанат қомдап таң атқанда шығыстан,
Торғайым бар қыраныңмен бір ұшқан.
Жүрегім бар жүрегіңмен ұғысқан,
Менің елім, менің елім – гүлістан!


1. Өлең не туралы?
2. Ақын туған елінің несін мақтан етеді?

 **1-тапсырма.** Сызбаның көмегімен сұрақтарға жауап беріп көр.

Сөйлеу не үшін керек?
Ол не арқылы жүзеге асады?

Тіл арқылы  сөйлеседі.
хабар береді.
пікірлеседі.
білмегенін сұрайды.
кеңеседі.

Ауызекі тіл – бірін-бірі көріп және есітіп тұрған адамдардың өзара қарым-қатынасы, әңгімелесуі.
Жазба тіл – адамдардың хабарды жазып беруі.

 **2-тапсырма.** Берілген сөздерден сөйлем құрастырып жаз.

сүю Отанды парызың


Отанды міндетің қорғау

байлығым мақтанышым Отаным

Отаным ар-намысым



3-тапсырма. Ретін сақтап оқысаң, мақал шығады. Жасырынған мақалды жаз.



Отан

5

Өлеңді түсініп оқы.

Бақытты боп жүргенім
Сенің арқаң, Ұлы отан.
Елім менің – тірегім,
Құшағында гүл атам.

Шығысыңнан арайлы,
Күліп атқан құба таң.
Сеннен бақыт тарайды
Баршамызға Ұлы отан.

Сарқылмайтын қуатым,
Тірегімсің сен, Отан.
Мәңгі соғып тұратын
Жүрегімсің сен, Отан.

10



1-тапсырма. Ойтолғаныс.



Адамдар қандай жағдайда ауызекі тілді, қандай жағдайда жазба тілді қолданады?



2-тапсырма. Сурет негізінде әңгіме құрастыр.



3-тапсырма. Көркем жаз.

Туған жер – ата-бабамыз мекендеген, қоныстанған жер. Сондықтан туған жерімізді «Ата-мекен» деп аялап атаймыз. Әжеміз, атамыз, ата-анамыз, туыстарымыз, достарымыз туып-өскен туған жерін Отаным деп сүйеді. Отан бізді бала-сындай қорғайды, бізді асырайды, қастерлейді.

11




Отанға деген сағыныш

6

Мәтінді түсініп оқы.

Маржан мектепті бітірген соң Италия мемлекетіне кетті. Ол жерде Маржанның ата-анасы жұмыс істейді. Маржан үшін ата-анасы барлық жағдайларды жасап берді, дегенмен оның көңіл-күйі болмай жүрді. Күндер өтіп барады, Маржан құлазып, науқастанып қалды. Анасы не істерін білмей Маржанды дәрігерге апарды. Дәрігер Маржанның ауру себебін таба алмады. Қызының солғын жүзін көрген анасы не істерін білмей анасына хабарласып бар жағдайды айтты. Маржанның әжесі:

– ДЕРЕУ Маржанды туған жеріне алып келуін өтінді. Маржан өз үйіне оралуын есіткенде жүзіне қуаныш ұялады. Күн өтпей Маржан туған жеріне келді де, туған өлкесіне деген сағынышын баса алмай жылап қоя берді. Өз үйінде Маржанның тәбеті ашылып, көңіліне қуаныш ұялап, ауырғаны да есінен шығып кетті.

-  1. Мәтін не туралы?
 2. Маржанның науқастану себебін айт?
 3. Дәрігер Маржанның ауруын таба алмауының себебі неде деп ойлайсыңдар?
 4. Маржанның ауруына не ем болды?

 **1-тапсырма.** Берілген мақалдарды оқып, мазмұнын түсіндір.

Туған жердей жер болмас,
Туған елдей ел болмас.

Ел-елдің бәрі жақсы,
Өз елің бәрінен де жақсы.


Бұлбұл гүлзарын сүйеді,
Адал адам Отанын сүйеді.

Өзге жұртта сұлтан болғанша,
Өз елінде ұлтан бол.

12

 **2-тапсырма.** Отан сөзіне синквейн құрастыр.

1. _____ (зат есім)
2. _____ (сын есім)
3. _____ (етістік)
4. _____ (бір сөйлем)
5. _____ (Отан сөзіне мәндес сөз)

 **3-тапсырма.** Жағдаят. Асқар мен әжесі Әмір Темір ескерткіші алдында суретке түсті. Екеуі Әмір Темір туралы сөйлесті. Асқар мен әжесі не деуі мүмкін? Парталасыңмен диалог құр.

Диалог құруға керекті сөз тізбектері: сайыпқыран, көреген, ақылды, әділетті, патша, күрескер.

ТАПҚЫР БАЛАЛАР



Дарынды балалар туралы қызықты деректер

Мәтіндерді түсініп оқы.

Ал алты жасар қытай баласы Ли Сяобин мүлдем ғажап. Ол үш жасында екі-үш айдың төңірегінде 3600 иероглифті үйреніп алған. Содан кейін әке-шешесі бірінші сатыдағы мектепке берген екен, ол оны бір жылда бітіріп шыққан. Алты жасында екінші сатылы мектепке көшкен.

Вьетнам баласы Фам Хоанчу үш жарым жасында математика есептерін шығара алатын болған. Газет-журнал оқып, туспен жаза алатын дәрежеге жеткен. Соның бәрін үш жасар балдырған мектепте оқитын тәтесіне үйреткен.


Эссен қаласында тұратын Ники деген бала бір жарым жасында әріп танып, екі жасында оқи бастаған. Әкесі – биолог болған. Жетіге толған кезде баласы әкесінің кітапханасындағы ғылыми кітаптармен шұғылдана бастаған. Бала түгілі, үлкен адамдар ұға қоймайтын ғылыми дүниелерді түсініп оқитын дәрежеге жеткен.

1. Дарынды балалар деп кімдерді айтамыз?
2. Дарынды балаларды қалай анықтауға болады?
3. Сен өз талантыңды көрсете аласың ба?



1-тапсырма. Тапқыр болсаң тауып көр!

3	5	11	9	12
қ	а	ш	м	е
8	2	13	4	6
р	ы	т	о	н
15	10	1	14	7
,	д	с	ф	.



Дыбыстар – дауысты және дауыссыз дыбыстар болып бөлінеді.

Дауысты дыбыстар: а, ә, е, о, ө, ұ, ү, ы, і, и, э, (у).

Дауыссыз дыбыстар: б, в, г, ғ, д, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, ф, х, һ, ц, ч, ш, щ, (у).



2-тапсырма. Сөйлемдерді қатесіз көшіріп жаз. Дауысты дыбыстардың астын бір сызық, дауыссыз дыбыстардың астын екі сызықпен сыз.

Нан – қасиетті тағам. Дастарқанға алдымен нан қойылды. Нанды жерге тастауға болмайды.



3-тапсырма. Дыбыстарды дауысты және дауыссыз дыбыстарға ажыратып жаз.



Үлгі:

Дауысты дыбыстар: а,
Дауыссыз дыбыстар: б,

14



Өнерлі бала

8

Мәтінді түсініп оқы.

Қолдарында дорбалары бар үш әйел базардан келе жатып, үйлеріне жақындағанда талған қолдары мен ауырған белдерін жазу үшін жол шетіндегі ұзын бір орындыққа келіп отырады. Бір кезде балалары жайында әңгіме қозғалып кетеді. Бірінші әйел, ұлының өте шымыр екенін, жерде қолымен де жүре алатынын айтып мақтанады. Екінші әйел, баласының әнді бұлбұлша сайрайтынын айтып мақтанады. Ал үшінші әйел, тек тыңдап отырады. Оған неге үндемей отырсың деп сұрағандарында: Менің баламның ондай өнері жоқ, – дейді. Келесі орындықта осы айтылған әңгімелерге бір қария құлақ түріп отырады. Аула ортасында балалар улап-шулап ойнап жүреді. Бір кезде шешелерін көрген балалары жүгіріп ке-

леді. Бірінші әйелдің баласы ауада денесімен шыр айналып секіріп, қолымен жүріп келеді. Екінші әйелдің баласы, шешесінің жақсы көретін әндерінің бірін айтып әуендетіп келеді. Әйелдер оған мәз болып, шапалақ ұрады. Ал, үшінші әйелдің баласы: Саған көмектесейін, анашым, – деп, дорбасына қолын созады. Сонда әйелдер қастарында отырған қариядан балаларының өнерлеріне қандай баға беретінін сұрайды. Қария: адамгершілік – әр адамға тән асыл қасиет. Нағыз өнер деп адам сезіміне әсер ете отырып, оны адамгершілікке, ізгілікке тәрбиелеуді айтады. Мен өнерлі бір-ақ баланы көрдім. Ол – анау анасына көмекке келген бала, дейді.

1. Мәтін не туралы?

2. Саған қай әйелдің баласы ұнады және несімен ұнады?

Дауысты дыбыстар:

Жуан дауысты дыбыстар – тілдің кейін жиырылуы арқылы жасалатын дауыстылар: **а, о, (у), ұ, ы.**

Жіңішке дауысты дыбыстар – тілдің ілгері созылуы арқылы жасалатын дауыстылар: **ә, ө, і, ү, е, и, э.**

Сөз ішіндегі дауысты дыбыстар жуан болса, сөз де жуан айтылады. Мысалы: Отан, бала, тай.

Сөз ішіндегі дауысты дыбыстар жіңішке болса, сөз де жіңішке айтылады. Мысалы: өнер, күй, дәнек.

15



1-тапсырма. Мазмұнын түсіндір.

Оқып үйренбесең, өнерге де, даналыққа да қолың жетпейді.

Демокрит

Өнер-білім берем десең
басынан,
Бер оқуға балаларды
жасынан.
Жүсіп Баласағұн

Талаптан да білім мен
өнер үйрен,
Білімсіз, өнерсіз болады
ақыл тұл.
Шәкерім Құдайбердіұлы



2-тапсырма. Төменде берілген сөздерден жуан айтылатын сөздерді тауып жаз.

дала	мереке	оқу
баға	білім	дәптер
жазушы	шығарма	әке
тау	бақша	ұя



3-тапсырма. Жіңішке айтылатын сөздерді тауып жаз.

ана	өнер	әйел	қарт
бұлбұл	бала	қол	үй
адам	дорба	жүрек	береке

16



9

Ойлап табылған дүниелер

Мәтінді түсініп оқы.

Балалардың қиялында шек жоқ екені бәрімізге белгілі. Дегенмен, күнделікті өмірде қолданып жүрген заттардың кейбірін балалар ойлап тапты десе күмәнмен қарауымыз мүмкін. Тіпті кей кезде ересектердің жылдар бойы жасаған еңбегіне қарағанда балалардың ойлап тапқан дүниелерінің пайдасы көбірек болады. 17 қаңтар – бүкіләлемдік балалар өнер табыстарының күні. Бұл күні дүниеге 12 жасында Бенджамин Франклин қолға арналған ескектер мен электр қуатының оң және теріс белгісін ойлап тауып, оған қоса тербелмелі отырғышты жасаған.

Қар кешкіш көлік Солтүстік Канаданың жас тұрғыны Жозеф Арман Бомбардые қалың қарда жүретін көлік ойлап тапқан. Мұндай жаңалықты ашуға оның әкесі сыйлаған ескі Форд көлігі себеп болған. Көлік жағдайының нашар болғаны сондай, Жозеф оны бөлшектеп тастауға бел буады. Көлік бөлшектерінен жас жігіт қар кешкіш көлік жасайды. Уақыт өте келе ұшақ, қар кешкіш көлік және басқа да техника шығаратын компания ашады.

- ?** 1. Мәтін не туралы?
 2. Бүкіләлемдік балалардың өнер табыстарының күні қай күні тойланады?
 3. Бенджамин Франклин қандай дүние жасаған?

1-тапсырма. Мақал-мәтелдердің мазмұнын түсіндір.

Өнерлі бала сүйкімді.

Өнерлінің өзегі талмас.

Өнер білсең қор болмайсың.

Өнер таусылмас азық,
 Жұтамас байлық.

17

2-тапсырма. Алдымен бірыңғай жуан дауысты дыбыстары бар сөздерді, сонан соң бірыңғай жіңішке дауысты дыбыстары бар сөздерді көшіріп жаз.

Қалам, дәптер, қағаз, жұлдыз, аспан, торғай, ешкі, ағаш, кілем, өшіргіш, сызғыш, жеміс, жидек, жүзім, шегіртке, қарындаш, айна, көлік, бұзау, лақ, қозы, жәндік.

3-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып, көшіріп жаз.



Керекті дыбыстар: ү, і, ы.

Көлеңкеге тығылып,
 Көсіледі к...ш...г...м.
 Күн көзіне бұйығып,
 Маужырайды м...с...ғ...м.





Ғылымға өзгеріс енгізіп

Мәтінді түсініп оқы.


Талантымен талайдың таңдайын қаңтырған өнертапқыш балалардың арнайы мерекесі халықаралық деңгейде аталып өтеді. Балалар өнер табысының алдыңғы легінде қалың қарда жүруге арналған көлік, теріден жасалған құлаққап тағы басқа дүниелер тұрады. Бұлардан кейін де жүздеген жаңалық дүниеге келіп, қаншама балаға шабыт берді..



Львов қаласының 12 жасар тұрғыны Максим Лема өлшегіш инженердің функциясын атқаратын робот жасап шығарған. Робот ғимараттың ішіне сканер жасап, алаңды өлшеп, жоспар құрып және радиосигналдың арқасында барлық ақпаратты компьютерге бере алады.

18

2013 жылы 16 жасар Хәкім Сәдуақас ерекше медициналық қызметке ие «Ламабатэл» мобильді аппаратын ойлап тапқан еді. Ол диагностика мен терапияда төрт бірдей қызмет атқаратын қасиетке ие. Атап



айтқанда: лазеротерапия, магнитотерапия, биологиялық белсенді нүктелерді табу және электромассаж. Сонымен қатар, ол құрылғы электр қуатымен, қарапайым батареямен де жұмыс жасай алатын мүмкіншілігі бар.



1. Максим Лема жасаған робот қайсы салада қолданылады?
2. Хәкім Сәдуақас ойлап тапқан аппараттың адам өміріне пайдасы неде?
3. Сен қандай пайдалы техника жасағың келеді?



1-тапсырма. Жұмбақтың шешімін тап.

Өзі темір, жаны жоқ.
Ақпаратты сақтап таратқан,
Жұртты өзіне қаратқан. (.....)

Әдетте үнсіз тұрамын
Белгі берсең ұғамын
Жазуы бар қағаздың
Құралы болып шығамын. (.....)

Қанша тетік тізілген
Саусағыңды сезінген
Барлық сенің ойыңды
Компьютерге енгізген. (.....)

Жақтың кең ашылуы арқылы жасалған дауысты дыбыстарды **ашық дауысты дыбыс** дейміз. Ашық дауыстылар: **а, ә, о, ө, е, э**

Жақтың тар ашылуы арқылы жасалған дауысты дыбыстарды **қысаң дауысты дыбыс** дейміз. Қысаң дауыстылар: **ы, і, и, у, ұ, ү.**



2-тапсырма. Бос торкөздерге ашық дауысты дыбыстардың тиістісін қой, жасырынған сөзді тау және сөйлем құрастыр.

	д		п		
	н		р		
	т		н		
қ		л		м	
к		й	л		к



3-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті әріпті қой. Қойылған әріптерге көңіл бөл.

Қ...рк...йекпен к...з кел...п,
Шопан көшт... к...зе...ге.
Мектепке бет т...зед...к.
Г...л қ...шақтап б...здер де.



11

Ең үлкен қазына

Мәтінді түсініп оқы.

Бұрынғы өткен заманда парсы елінде бір әйел болыпты. Бұл әйел өлер алдында жалғыз баласын шақырып: «Балам, айтқаныма құлақ сал! Біз бұл өмірде көптеген қиыншылықтар көрдік. Аманат ретінде саған бір кітап тастап барамын. Егер де осы кітапта көрсетілгендер бойынша амал етіп тіршілік ететін болсаң, өте бай боласың!», – депті. Шешесі қайтыс болған соң жігіт кітапты қолына алып, оқи бастапты. Бастапқы бетінде: «Қазынаға қол жеткізу үшін барлық бетті толық оқу керек», – деп жазылыпты. Кітап арабша мәтіндерден басталыпты. Жас жігіт басқалардың да бұл сырды үйреніп, қазынаға қол жеткізулерінен қорқып, мәтінді біреуге аударудың орнына араб тілін өзі үйрене бастапты. Соңында арабшаны жақсы меңгеріп шығыпты. Бірақ бір сөйлемнен кейін сөйлем қытай тілінде жалғасып кетіпті. Одан кейін басқа да тілдер кездесе бастапты. Жігіт ықыласпен, сабырлықпен кездескен тілдердің барлығын үйрене бастапты. Біршама уақыт өткен соң сол қаланың ең жақсы аудармашыларының бірі болыпты. Кітап беттері ілгерілеген сайын қазынаны қалай басқару керектігі жайында әр түрлі ғылымдар кездесіпті. Жігіт бұл жолы экономика, сауда ғылымдарын үйреніп, көптеген тілдерді білетін, экономика ғылымын жақсы меңгерген маман ретінде атағы сол елдің патшасының құлағына жетіпті. Патша оны өзінің бас уәзірі ретінде тағайындапты. Кітаптың соңғы беттерінде техника ғылымдарын, жол салу, құрылыс материалдарын және басқа да ғылымдырды үйреніпті. Осылайша ешкімнің көмегіне жүгінбеген жігіт білімді, құрметті адамдардың қатарына қосылыпты. Сосын инженерлік, сәулет өнерін де меңгеріпті. Соңында білімділігін, мәдениеттілігін жоғары деңгейде бағалаған патша жігітті «Өз сарайының сәулетшісі» деп атап кетіпті. Осылайша бір мемлекетті басқара алатын патшалық дәрежеге дейін жетіпті. Кітаптың соңғы бетіне келген күні патшаның қызына үйленіпті. Жігіт кітаптың соңғы бетін ашып, төмендегі ең соңғы сөйлеммен кітапты тамамдапты: «Ғылым үйреніп, білім алу – ең үлкен қазына».

20

1. Мәтін не туралы?
2. Жігіттің үлкен табыстарға жетуінің себебі неде?
3. Әңгімеде қандай мамандықтар мен өнер атаулары берілген?
4. Әңгімеден алатын ғибрат не деп ойлайсың?



1-тапсырма. Жалғастыр. Кітап арқылы не білеміз?



2-тапсырма. Көркем жаз. Ашық дауысты дыбыстардың астын сыз.

Балам, айтқанымға құлақ сал! Біз бұл өмірде көптеген қиыншылықтар көрдік. Аманат ретінде саған бір кітап тастап барамын. Егер де осы кітапта көрсетілгендер бойынша амал етіп тіршілік ететін болсаң, өте бай боласың!



3-тапсырма. Бос торкөздерге ашық және қысаң дауысты дыбыстардың тиістісін қойып, жасырынған сөзді тауып жаз.

	н		р		
б		л			
к		т		п	
ж		г		т	
б		й	л		қ



12

Біз осылаймыз, ал сендерші?

Сөйлемдерді түсініп оқы.

Біз бір-бірімізді сыйлаймыз, достығымызды сақтаймыз.



Біз үлкендерге құрмет көрсетіп, кішілерге қамқорлық жасаймыз.



Біз жан-жақты білімді, өнерлі болғымыз келеді.



Біз спорты сүйеміз, салауатты өмір салтын ұстанамыз.



Біз музыка әлемін, әсемдікті, сұлулықты сүйеміз.



Біз бос уақытымызда кітап оқимыз, ертегі айтамыз.



Біз зерттеп, ортаға саламыз, талқылаймыз.



Біз еңбек етуге, шығармашылықпен айналысуға құмармыз.



Біз сыни көзқараспен бір-бірімізді бағалаймыз, пікір айтамыз.



Біз жақсы оқып, биік белестерді бағындырамыз.



1. Ал сендер бос уақыттарыңда немен айналысасыңдар?
 2. Өз қызығушылығыңды айт.

Дауысты дыбыстар **ерін мен езудің қатысына** қарай **еріндік және езулік** болып бөлінеді.

Еріндік дауыстылар еріннің алға қарай созылып, дөңгеленуі арқылы жасалады. Олар: **о, ө, ұ, ү, у.**

Езулік дауыстылар езудің кейін тартылуы арқылы жасалады. Олар: **а, ә, е, и, э, ы, і.**




1-тапсырма. Көркем жаз. Еріндік дауысты дыбыстардың астын сыз.

Біз жан-жақты білімді болғымыз келеді.
 Біз оқып биік белестерді бағындырамыз.



2-тапсырма. Дыбыстық талдау жаса.

Үлгі: А – жуан, ашық, езулік дауысты дыбыстар.



ҚОҒАМДЫҚ ТРАНСПОРТТА



Көлікке мінгенде

13

Өлеңді түсініп оқы.

Қаламызда қырандай,
 Самғар көлік табылар.
 Автобуска асығып,
 Жолды кесіп өтпеймін.

Доп тепкендей асырып,
 Бос қалбырды теппеймін.
 Болу керек тым абай,
 Мінгенде не түскенде.

Өзім барар бағыттың,
Нөмірін де білемін.
Ережеге қанықпын,
Артқы есіктен кіремін.

Шаршап кейде жүрсем де,
Орын берем үлкенге.
Қатты шулап тұрмаймын,
Құрбылармен күлсем де.

Жұрт аяғын баспаймын
Бүлдірмеймін, шашпаймын.
Жол ақысын «қоянша»,
Төлеместен қашпаймын.

Аялдама аттарын
Жаңылмастан жаттаймын.
Жолда жүру тәртібін
Мен осылай сақтаймын.

- ?** 1. Өлең не туралы?
2. Өлеңде қандай жол ережелері берілген?
3. Өлеңнен қоғамдық көліктерде өзін ұстау ережелерін айт?

1-тапсырма. Есте сақта!



Қоғамдық көлікте пайдалану ережелері:

Қоғамдық көлікті пайдалануға автобус, жер үсті және жер асты метросы, такси жатады. Жолаушылар жүргізушілерді қозғалыс кезінде алаңдатпауы тиіс.

Арнайы аялдама немесе жаяу жүргіншілер жолында автобус немесе таксиді күту керек. Автобус толық тоқтағаннан соң шығу керек.



2-тапсырма. «Көлікке мінгенде» өлеңнің соңғы шумағын жаз. Еріндік дауысты дыбыстардың астын сыз.

3-тапсырма. Суретті диктант.





14

Жолдан өткенде

Өлеңді түсініп оқы.

Дастан деген баламын,
 Мен ұқыпты баламын.
 Жүруді де үйрендім,
 Көшесінде қаланың.
 Жол шетіне келгенде,
 Тоқтай қалып мен демде.
 Көз саламын арнайы
 Белгісі бар жерлерге.
 Қауіпті ғой көше тым,
 Қумай жолдың төтесін.
 Жолақтарды іздеймін
 Жаяу адам өтетін.
 Асықпаймын аптығып,
 Алдым мұны жақсы ұғып.
 Күйсандықтың тіліндей,
 Қатар-қатар ақ сызық.



Ортасында тұра қап,
 Оңға, солға бір қарап,
 Жолдың арғы шетіне
 Жетіп алам жылдам-ақ.



1. Өлеңде қайсы жол ережесі туралы сөз болады.
2. Жолда жүру ережесін айт?



1-тапсырма. Жұмбақтардың шешімін тап.

Жер асты даңғылы
 Көлігінің зулаған,
 Естіледі сыңғылы. (.....)



Қатар жатқан қос білек,
 Үстінен келер күш үдеп. (.....)

Арқаным бар тым ұзын
 Ала алмайсың бір үзім.
 Ақылға салып ойланып
 Тапшы мұны пысығым. (.....)





2-тапсырма. Сурет негізінде сөйлем құрастыр. Дауысты дыбыстардың астын сыз.



3-тапсырма. Төмендегі сөздердегі дауысты дыбыстарға дыбыстық талдау жаса.

Көлік

ұшақ

жол



Жол белгілері

15

Өлеңді түсініп оқы.

Қиылыста, жол шетінде, бұрышта.
Түрлі-түрлі белгілер бар тұратын.
Жүресің бе, жүрмегенің дұрыс па.
Не істеу керек? Соған қарап ұғасың,
Қызыл шеңбер ішіндегі таңбалар,
Әлденеге қатаң тыйым салады.
Өміріңді қорғауға олар арналар,
Білемеген өкінішке қалады.
«Мына жерге кірмегенің жөн» дейді,
«Мына жермен жүрмегенің жөн» дейді,
«Кері бұрыл, тоқтама не бұрылма,
Сонда саған ешбір қауіп төнбейді».
Белгілердің мәнін білу – мықты күш,
Келесісі – шеті қызыл үш бұрыш.
Бұл белгілер ескертеді, біліп ал,
Көңіл бөлмей өтіп кетпе тып-тыныш.
Қиылыс па, бұрылыс па алдыңда.
Темір жолға таяп әлде қалдын ба,
Өзен бар ма, көпір бар ма, ор бар ма?



Мекені ме жабайы аң мен малдың да?
 Соның бәрін біліп ал да абай бол,
 Сенің аман жүргеніңді қалайды ол.
 Белгілердің сырын еске сақтап ал,
 Болашақта жүресің ғой талай жол.

1. Жол белгілерінің неше түрі бар?
2. Жол белгілерін білу бізге не үшін қажет?
3. Жолда жүру тәртібін жолда ұста дегенде нені түсінесің?



1-тапсырма. Сәйкестендір.



Жол жөндеу жұмыстары жүруде.
 Жаяу жүргінші жол.
 Автобус аялдамасы.

Жер асты өтпе жолы.

Же үсті өтпе жолы.
 Жаяу жүрушілерге тыйым салынады.

Дауыссыз дыбыстар

Қатаң дауыссыз дыбыстар:
 п, ф, к, қ, т, с, ш,
 щ, х, ц, ч, һ.

Ұяң дауыссыз дыбыстар: б, в,
 г, ғ, д, ж, з.

Үнді дауыссыз дыбыстар: р, л,
 й, у, м, н, ң.



2-тапсырма. Көркем жаз. Дауыссыз дыбыстардың астын сыз.

Қай көше, қай қалаға барсаңыз да,
 Қай ақыл өлшеміне салсаңыз да
 Жол жүру ережесі заңды тәртіп,
 Ол ортақ! Үлкен-кіші баршамызға.



3-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді тауып қой және жаз.

Жолдың бойында ешқашан Жол ережесін білген
 Жолда жол белгілерге зер ... жүр. Қоғамдық транспортта үл-

кен кісілер мен жас балаларға ... бер. Автобуска мінгенде ... есікпен, түскенде ... есіктен түс.

Қажетті сөздер: пайдалы, ойнама, сала, артқы, орын, алдыңғы.



Қоғамдық транспортта

16

Мәтінді түсініп оқы.

Айжан мен Асқар саябаққа бару үшін автобуска мінді. Олар жол-жөнекей қала көшелерін тамашалап келеді. Айжан мен Асқар ойнап отырып орындықтарға жаза бастады, ол кемдей орындықтардың үстіне шығып бір-бірімен ойнай бастады. Жолаушылардың бұл істерің дұрыс емес деген сөзіне құлақ та аспады. Олар саябақты серуендеп, шаршап үйлеріне қайтты. Айжан мен Асқардың әкесі көлік жүргізушісі болып жұмыс істейтін. Кешкі тамақ үстінде әкесі:

– Менің автобусымды ауыстырып жаңа автобус берді. Бүгін автобусты жүргізуші серігім жүргізді. Өзгелердің жұмысын қадірлемейтін және қоғамдық транспорттарды құрмет тұтпайтын балалар да бар екен. Автобус орныдықтарына жазылған және аяқ іздері де тұр. Не деген тәрбиесіз балалар – деп қатты күрсінді.

28



1. Әңгімені өз сөзіңмен жалғастыр.
2. Айжан мен Асқардың істеген ісі дұрыс па?
3. Қоғамдық транспорттардың қандай түрлерін білесің?



1-тапсырма. Суретке зер сал. Балалардың іс-әрекеті дұрыс па?






2-тапсырма. Жалғастыр. Дауыссыз дыбыстардың астын сыз.

Бүгінгі таңды транспортсыз елестету мүмкін емес. Біз күнделікті өмірімізде транспорттардан пайдаланамыз. Дегенмен кейбір жолаушылар қоғамдық транспорттардан дұрыс пайдаланбай жүр. Менің оларға айтар ақылым: ...



3-тапсырма. Дыбыстарды өз тобына жаз.



1. Қатаң дауыссыз дыбыстар:
2. Ұяң дауыссыз дыбыстар:
3. Үнді дауыссыз дыбыстар:



17

Жолдағы кедергі

Әңгімені түсініп оқы.

Баяғы заманда бір патша сарайға кіретін жолдың үстіне үлкен тас қойдырып, өзі терезеден бақылап отырыпты. «Көрейік не болады екен?...» Елінің ең бай саудагерлері, ең күшті керуеншілері, сарай қызметшілері жолда келе жатып тасты айналып өтіп ешнәрсе істемей кіріп кетеді. Кейбіреулері тасты көріп дауыстап тұрып патшаны сөге бастайды. «Халықтан қаншама салық жинайды бірақ жолдарын таза ұстай алмайды...» дейді. Осы кезде бір ауыл шаруасы сарайға жеміс, көкөніс алып келе жатып жол тасты көргенде, арқасынан жүгін жерге қойып екі қолымен тасты итере бастайды. Қатты қиналып, қара терге батады, ақыр соңында тасты жолдың шетіне ығыстырып қояды. Жүгін қайтадан асынып жатқанда тастың жатқан жерінен бір қалта көреді. Алып ішін ашады. Қалташық алтынға толы болады. Ішінен патшаның жазған хатын көреді. Хатта: «Бұл алтын, тасты жолдан алған адамға берген сыйлығым» деп, жазылған еді. Шаруаның бұл іс-әрекеті көпшілік онша мән бермейтін адамдарға сабақ болды.



1. Патша не мақсатта жолға үлкен тас қойды?
2. Саудагерлер мен сарай қызметшілерінің үлкен тасты айналып өтуі дұрыс па?
3. Патшаның жазған хатында қандай сыр жатыр?
4. Шаруаның іс-әрекеті еңбегіне жараса дұрыс бағасын алды ма?



1-тапсырма. Оқылым мәтіннен дауыссыз дыбыстарды тауып, кестені толтыр.

Қатаң дауыссыздар	Ұяң дауыссыздар	Үнді дауыссыздар



2-тапсырма. Көркем жаз. Дауыссыз дыбыстардың астын сыз.

Елінің ең бай саудагерлері, ең күшті керуеншілері, сарай қызметшілері жолда келе жатып тасты айналып өтіп ешнәрсе істемей кіріп кетеді. Кейбіреулері тасты көріп дауыстап тұрып патшаны сөге бастайды. «Халықтан қаншама салық жинайды бірақ жолдарын таза ұстай алмайды...» – дейді.



Жолда

18

Мақалдарды түсініп оқы.

Ауыр жол жолаушыны сынайды,
Ауыр іс адамды сынайды.

Барар жер ұзақ болса,
Қайтар жол қысқа болады.

Ащы мен тұщыны татқан білер,
Алыс пенен жақынды жорытқан білер.

Алыс жолға шығар болсаң, алдымен жолдасыңды сыйла.
Жаудың алдын алар болсаң, алдымен қолбасыңды сыйла.

Жолға шыққан жолаушы жол амалын сұрайды.
Артта қалған ауыл ел аманын сұрайды.



1-тапсырма. Сәйкестендір.

Екі елді жол қосады,
Жақсы жол ұзақта болса жақын,

Жаман жол жақында болса алыс.
Екі адамды қол қосады.



2-тапсырма. Көркем жаз. Дауысты дыбыстардың астын бір сызықпен, дауыссыз дыбыстардың астын екі сызықпен сыз.

Жақсы жолдың ұзыны жақсы,
Жаман жолдың қысқасы жақсы.



3-тапсырма. Жол сөзіне синквейн құрастыр.

1. _____ (зат есім)
2. _____ (сын есім)
3. _____ (етістік)
4. _____ (бір сөйлем)
5. _____ (Жол сөзіне мәндес сөз)



Мен не үйрендім?

19

Сұрақтарға жауап бер.



1. Дыбыстар нешеге бөлінеді?
2. Дауысты дыбыстардың қандай түрлері бар?
3. Сөйлемді оқы: 2013 жылы 16 жасар Хәкім Сәдуақас ерекше медициналық қызметке ие «Ламабатэл» мобильді аппаратын ойлап тапқан еді. Үзінді қай мәтіннен алынғанын еске түсір?
4. Дауыссыз дыбыстардың қандай түрлері бар?
5. «Жолдағы кедергі» әңгімесінің қатысушыларын ата? Әңгіменің мазмұнын еске түсір?



1-тапсырма. Өлеңді оқы. Өлеңді көшіріп жаз. Әр сөзді дыбыстық құрамына қарай талда. Жуан дауысты дыбыстардың астын бір сызықпен, жіңішке дауысты дыбыстардың астын екі сызықпен сыз.

Көк көлге қаз қонды.
Ертеді балапанын.
Балалар мәз болды,
Соққылап алақанын.



2-тапсырма. Кестені толтыр.

Ашық дауысты дыбыстар:	Қысаң дауысты дыбыстар:	Жуан дауысты дыбыстар:	Жіңішке дауысты дыбыстар:	Еріндік дауысты дыбыстар:	Езулік дауысты дыбыстар:



3-тапсырма. Кестені толтыр.

Қатаң дауыссыздар	Ұяң дауыссыздар	Үнді дауыссыздар

II ТАРАУ. ТАБИҒАТ СЫЙЫ

ӨЗБЕКСТАН ТАБИҒАТЫ



20

Жер – анамыз

Әңгімені түсініп оқы.

Бейбіт бақша ішінің топырағын қопарып, оңды-солды шашып ойнап жүр еді, өтіп бара жатқан бір қария:

– Әй, бала! Жерді мұнша неге қорлайсың? Қайта қадірлеп күтпейсің бе? Ол сенің асыраушы анаң ғой, – деді.

Балшықты «анаң» дегенінен аң-таң болған Бейбіт:

– Менің анам үйде, аты – Зейнеп, – деді.

– Балам, онда сол Зейнеп келінге айта бар, түсіндірер, – деп қария ұзай берді.

Бейбіт үйге келді. Анасы баласының үсті-басын көріп кейіді. Тамағын ішіп, көңілі жайлаған соң, Бейбіттің есіне қарияның айтқаны түсті.

– Апа, – деді ол, – мына бір шал «жерді босқа қопарма, ол сенің анаң!» деді, – ол не дегені?

– Сен не дедің? – деп сұрады анасы.

– Менің анам үйде дедім.

– Балам-ай, неге сонша кір, балшық болып келгеніңді енді түсіндім. Ол кісі саған дұрыс айтқан. Жер – бәріміздің анамыз. Онсыз тіршілік жоқ.

Бейбіт аң-таң. Анасы да қарияның сөзін айтады.

«Жер-ана» дейтін себебіміз, – деді анасы, – ішетін суымыз, жейтін нанымыз – жердікі. Дұрыстап ұғып алғын, тіпті, адамдарға қажеттінің бәрі жерден өнеді. Қағаз, қарындаш, мәшинелерді жасайтын темірді де жер береді. Мысалы: жаңағы жеген қаймағың сиырдың сүтінен алынады. Сиыр жердің шөбін жемесе сүт бермейді. Сүт болмаса, қаймақ қайдан келеді? Солай, балам солай. Сондықтан да Жер – бәріміздің асыраушы анамыз.

Қоғабай Сәрсекеев



1. Әңгіме не туралы? Әңгімеге қатысушыларды ата?
2. Бейбіт неге таң қалды?
3. Анасының жауабынан нені ұқтың?
4. «Жер-Ана» бізді қалай асырайды?



1-тапсырма. Суреттерге зер сал. Жердің өзіне тән қасиеттерін айт.



2-тапсырма. Көркем жаз. Әр бір сөйлем неше сөзден құралған?

Жер – бүкіл тіршілік атауының алтын ұясы және аялы бесігі, құтты қонысы мен өнер мекені. Жер – адамға қажет баға жетпес байлық, ырыс пен мол қазынаның қайнар көзі. Сондықтан халқымыз «Жер – адамзаттың өмір нәрі, қажетінің табылар содан бәрі» деп дәріптеген.



Кім күшті?

21

Ертегіні түсініп оқы.

Қырғауылы қырқылдап,
 Жалтыр мұзға сыртылдап,
 Алшая келіп қоныпты,
 Шаты айрылып қалыпты.
 Қисая жатып қырғауыл
 Сонда мұздан сұрапты:
 – Мұз, мұз сен неден күшті болдың?
 – Мен күшті болсам бауырымды жаңбырға тестірмес едім.
 – Жаңбыр, жаңбыр, сен неден күшті болдың?
 – Мен күшті болсам, жерге сіңіп жоқ болып кетпес едім.
 – Жер, жер, сен неден күшті болдың?
 – Мен күшті болсам, орманға кеудемді тестіріп, қажетті тыңайтқыштарды бермес едім.
 – Орман, орман сен неден күшті болдың?
 – Мен күшті болсам, оттан қорқып жасамас едім.

- От, от, сен неден күшті болдың?
- Мен күшті болсам, желдің айдауына жүрмес едім.
- Жел, жел, сен неден күшті болдың?
- Мен күшті болсам, кішкене ғана көк шөпті қозғалтатын едім.
- Көк шөп, көк шөп, сен неден күшті болдың?
- Мен күшті болсам, қойға азық болмас едім.
- Қой, қой, сен неден күшті болдың?
- Мен күшті болсам, қасқырға жем болмас едім.
- Қасқыр, қасқыр сен неден күшті болдың?
- Мен күшті болсам, адамнан қорқып жасамас едім.
- Адам, адам сен неден күшті болдың?
- Бірімізден екіншіміз күшті емеспіз. Мен сендерден күшті болуым мүмкін, бірақ сендер орындайтын жұмысты мен орындай алмаймын. Егер сендер жоқ болсаңдар, адам өз күшінен айырылады. Тіршіліктегі барлық тірі және өлі табиғат бірлескенде күш болады.



1-тапсырма. Жалғастыр.

34



2-тапсырма. Төмендегі берілген сөздерден пайдаланып сөйлем құрастыр. Әрбір сөйлем неше сөзден құралғанын анықта.





22

Таза ауаны қайдан аламыз?

Тура және ауыспалы мағыналы сөздер Мәтінді түсініп оқы.


Адам таза ауамен дем алады. Адам демінен шыққан ауа қайта жұтуға жарамайды. Ал, таза ауа қайдан келеді деп ойлайсындар? Таза ауа ешқайдан да келмейді. Айналамыздағы ағаштар жарамсыз ауаны жұтып, өзі үшін қажетті иісті ұстап қалып, онымен қоректенеді де, ауаны тазартады. Үйлердің айналасында, көшеде, аулада өсіп, жапырақ жайып тұрған ағаш неғұрлым көп болса, ауа да соғұрлым таза болады. Таза ауамен дем алған адамның дені сау, көңілі хош болып, ұзақ өмір сүреді. Сол себептен бабаларымыз: «Өмір жасыңды ұзартқың келсе, ағаш ек» деп өсиет айтқан.

Спандияр Ақаев




1. Мәтін не туралы? Мазмұнын айт.
2. Мәтіндегі негізгі ойды анықта.


Сөздер өзінің негізгі мағынасынан басқа мағынада да қолданылады:



1-тапсырма. Жалғасын тап.



Ағаш үлкен болса –
кішкентай болса –
жоқ болса –.





2-тапсырма. Берілген сөздердің тура және ауыспалы мағынасын тауып жаз.

құлақ

түс

ат

жаз



3-тапсырма. Берілген сөз тіркестерді тура және ауыспалы мағынаны білдіруіне қарай бөліп жаз.

1. Жақсы сөз, жақсы адам, жақсы ой, жақсы күн, жақсы бала, жақсы өмір.

2. Терең сай, терең білім, терең құдық, терең су, терең сезім.

3. Ыстық киім, ыстық ниет, ыстық күн, ыстық сезім, ашық аспан, ашық мінез.



Шөлдегі сағым

23

Синоним Өлеңді түсініп оқы.

Теңіз боп көкжиек төнеді:
Толқындар кұлайды еңкейіп.
Алысың жақындап келеді,
Кішкенең кетеді үлкейіп.
Дегендей тіршілік бар тағы,
Аңдардың жаралы, ақсағын
Армандай өзіне тартады
Айна көл тәрізді ақ сағым.
Жоқтауы басылып мұң-желдің,
Жал құмдар жаңбырға малшынар.
Әзірше ақ сағым
Құм шөлдің
Түсіне кірген су, көл шығар.



Қадыр Мырзалиев



1. Өлең не жайлы?
2. Өлеңнен табиғат көріністері бейнеленген жолдарды тап.
3. Шөлде қандай өсімдіктер мен жануарлар өмір сүреді?



1-тапсырма. Жұмбақты шеш.

Кезерді ерінің,
Шөбі болмас жерінің.
«Ш» орнына «К» тұрса.
Өсімдіктің нәрімін. (...-...)

Мағынасы бір-біріне жуық сөздерді **синонимдер** деп аталады. **Мысалы:** зәулім-биік, әдемі-сұлу,



2-тапсырма. Көркем жаз.

Қызылқұм шөлінде тұрақты ағын өзендер жоқ. Тек солтүстігімен өтетін Сырдария өзенінен тартылған каналдар өзен аңғары бойын ғана суландырады. Шөлдің басым бөлігін құм басып жатыр. Сондықтан қандай топырақ болмасын құрамында құм болады. Жалпы алғанда топырағы бозғылт қоңыр, сортаң топырақ қалыптасқан.



3-тапсырма. Берілген сөздерге синоним сөздер тауып, сөйлем құрастыр.

сусыз

мұң

көкжиек



24

Жер тауға шағынды


Мәтінді түсініп оқы.

– Менің үстімде не болып жатыр? Білемісің? Адамдар аяуды қойды. Бетімді **бейберекет** айғыздап бітті. Өсімдіктерім де құрып біткен, аң-құстарым мынау. **Солып** жатқан теректерім анау. Өзендерімнің суы **азайып** барады, теңіздерім **кұрғады**... Енді менде не қасиет қалды?! Жердің көз жасы **мөлтілдеп**, шық болып құйылды. Жер жылап жатты...

– Мен қайтейін? – деді тау күңіреніп. – Бәрін де көріп тұрмын. Бірақ қолымнан не келеді? Өзімнің де **халім** мүшкіл. Тау күрсінді.

Балтабай Әділов

1. Мәтіндегі негізгі ойды айт.
2. Жердің тауға шағымдануы дұрыс па?
3. Қарамен жазылған сөздерді басқа сөздермен алмастырып көр.

 **1-тапсырма.** Суретке зер сал. Мәтінді жалғастырып көр. Үшінші кейіпкерді – Адамды әңгімеге қос. Құрастырған ойыңды дәптерге жаз.



38



Мен не үйрендім?

25



1-тапсырма. Суретке зер сал. Сұрақтарға жауап бер.



1. Бірінші суретте балалар не үшін тазалық жұмыстарын істеп жатыр?

2. Екінші сурет табиғаттың күйін айт. Егер осылай жалғасса келешекке не қалады?

3. Үшінші сурет табиғатты улап жатқан не? Қара түтіннен табиғатты қалай қорғауымыз мүмкін?

4. Төртінші сурет бұл жағдайлар жалғасса не болмақ? Қоршаған ортаны қалай тазартуға болады? Өз жобаңды дәптерге жаз.



2-тапсырма. «Жер тауға шағынды» мәтініндегі қарамен берілген сөздерге синоним сөздер тап және сөйлем құрастыр.



3-тапсырма. Мына мақал-мәтелдерді көшіріп жаз. Ауыспалы мағыналы сөздерді тап.

Анамның тілі – аяулы үні

Тіл – көңілдің кілті

Ата – асқар тау,
Ана – бауырындағы бұлақ,
Бала – жағасындағы құрақ.

Еңбектің наны тәтті,
Жалқаудың жаны тәтті.


АНТРАКТИДА



26

Антрактида

Антонимдер Мәтінді түсініп оқы.



Антрактида жер шарының оңтүстік поляр аймағы болып табылатын Антарктиданың орталығында жайласқан бірден-бір материк. Антарктида сөзі «Арктикаға қарама-қарсы» деген мағынаны білдіреді. Материк ауданы 12,4 млн км², мұздықтармен көршілес аралдарды қоса есептегенде 14 млн км² жуық. Жер көлемі жағынан әлемде бесінші орында тұрады. Жерінің 99 пайызын мұздар құрайды. Мұздың орташа қалыңдығы 2500


метр, ең қалың жері Шмид жазығы 43 000 метр, тұщы су қоры 80 пайызын құрайды. Материктің ең биік нүктесі – 5140 метр ең төмен ойысы Бентли – 2555 метр. Ең суық температура – 89,2°С. Жаз айында ауа температурасы – 30°С, – 45°С құрайды.

Мағыналары бір-біріне қарама-қарсы сөздерді **АНТОНИМ** дейміз.

Мысалы: үлкен-кіші, кең-тар.



1-тапсырма. Сурет негізінде антоним сөздерді тауып жаз.



2-тапсырма. Берілген сөздерге қарама-қарсы мағыналы сөздер тауып жаз.

Оңтүстік – ...	биік – ...	арзан – ...	ащы – ...
Мейірімді – ...	қыс – ...	алыс -...	суық – ...
Таңертең – ...	ауыр – ...	үлкен-...	күн – ...

40



Антрактида да не бар?

27

Мәтінді түсініп оқы.

◀ Антрактида да 50 ден астам мемлекеттердің базалары орналасқан. 20 шақты аэрапорт бар, жел, боран көп болғандықтан ұшақтар мен тік ұшақтар ұшуы жиі болады.

◀ Сонымен қатар 27 ғылыми зерттеу орталықтары бар, ол жерлерде де тік ұшақтар үшін арнайы алаңдар бар.



◀ Антрактида суық елді мекен болғанымен кез келген елді мекен сияқты интернет желісі бар.

◀ Антрактида да жануарлар мен құстар, сондай-ақ өсімдік әлемі бар.

◀ Антрактида Үнді мұхит, Тынық мұхит және Атлант мұхиттарымен қоршалған.

◀ Антрактида ешбір мемлекеттің меншігі емес, сол себепті тұрақты елді мекендер жоқ.



1-тапсырма. «Бар жоқ» ойыны.

Сөйлемдер	Бар	Жоқ
Антрактида да жануарлар мен құстар, сондай-ақ өсімдік әлемі		
Антрактида да жасыл ағаштар		
Антрактида да қарлығаштар		
Антрактида да түрлі елдер		
Зерттеу ғылыми орталықтары		
Антрактида да боран мен жел		
Антрактида да жер		



2-тапсырма. Берілген сөздердің антонимін ойлап тап.

Аласа, алыс, күн, кең, суық, тәтті, ауыр, ұзын, батыр, қатты, қарт, үлкен, ерте, жіңішке, биік, жылы, ащы, жұмсақ, ақ, жуас, қалың, жуан, кір, жаз.



28

Антрактида елінде

Суретке зер сал. Сұрақтарға жауап бер.



Шағала



Боран құсы



Дельфин



Теңіз пілі



Түлен




Теңіз барысы




Көк кит



Кашалот

-  1. Антрактидада жасайтын шағала мен боранқұс немен қоректенеді?
 2. Антрактида неге суық болады деп ойлайсың?
 3. Не үшін теңіз пілі деп ат қойылған?
 4. Түлен мен теңіз барысының айырмашылығы неде?
 5. Көк кит, дельфин, кашалот жайлы не білесіңдер?
 6. Антрактида да алынған мультфильмдер тізбегін жаса.

-  **1-тапсырма.** Жоғарыда берілген жануарлар мен құстардың сипатын білдіретін сөздерді тап және оған қарама-қарсы сөздер жаз.

Үлгі: Шағала – жылдам, теңіз барысы – баяу.

42



Жануарлар мен өсімдіктер дүниесі

29

Омоним

Мәтінді түсініп оқы.

Антрактидадағы тіршілік дүниесі өте жұтаң. Онда теңіз құстарының 13 түрі, антрактикалық суларда итбалықтардың – теңіз пілі, теңіз мысығы, Уэдделл итбалығы, шаян жегіш итбалық және теңіз қабыланы деп аталатын 5 түрі мекендейді. Құрлықтың нағыз жағалаулық бөлігінде пингвиндердің император және Адели атты түрлері тіршілік етеді. Өсімдіктердің 75 түрі, қыналардың 300-ге жуық түрі және балдырлардан қызыл, жасыл, көк-жасыл, сары балдырлар құралған. Антрактида түбегінде аласа гүлді өсімдіктердің 10 шақты түрі кездеседі.

Айтылуы да, жазылуы да бірдей бірақ мағынасы әртүрлі сөздерді **ОМОНИМ** дейміз.

Мысалы: ара (ара – отын кесетін құрал, ара – жәндік атауы), құрт, жаз.



1-тапсырма. Сурет негізінде сөйлем құрастыр.



2-тапсырма. Омоним сөздерді тап. Оның мағыналарын түсіндір.

қыс

күз

жаз

қазан

алыс

су

суық

дана

қаз



30

Ақ аю

Мәтінді түсініп оқы.

Ақ аюлар – ең үлкен аюлар. Олар Арктикада полюс бойынан Канадаға дейінгі алқапта кездеседі. Өмірлерінің көп бөлігін теңіз мұзында өткізетіндіктен, олар теңіз сүтқоректісі деп саналады. Ақ аюлар өте жақсы жүзеді және де су астынан екі минуттан аса шықпай тұра алады. Бұл аюлардың алдыңғы аяқтары қабыршақты болғандықтан, суда қолдарын жақсы еседі және де су өткізбейтін қалың жүні мен денесіндегі артық майы Арктиканың салқын суында өздерін жылы ұстауға көмектеседі.



«Жануарлар әлемі» балалар энциклопедиясы



1-тапсырма. Берілген тақырыптардың біреуін таңдап, тақырып бойынша өз ой-пікіріңмен бөлісе отырып, әңгімелеп айт.

1. Антрактидада жануарлар әлемі. 2. Антрактида өсімдіктер әлемі 3. Антрактидада құстар әлемі.



2-тапсырма. Суреттегі зат атауларын екі мағынада қолданып, сөйлем құра.



Пингвиндер

31

Мәтінді түсініп оқы.

Пингвиндер – ұшпайтын су құстары. Олар оңтүстік жарты шардың жағалау аймақтарында, Жаңа Зеландия, Австралия, Оңтүстік Африка мен Оңтүстік Америкадан Антрактидаға дейінгі алқаптарда кездеседі. Пингвиндердің 18 түрі белгілі. Олардың ішіндегі ең үлкені – Антрактидадан табылған император пингвині.



Барлық пингвиндер өте жақсы жүзіп, жақсы сүңгиді. Олар өмірінің жартысын суда өткізіп, балықтармен, кальмарлармен және шаянтәрізділермен қоректенеді.

Император пингвиндері Антрактиданы және маңайындағы бірнеше аралдарды мекендейді. Олар – Антрактиданы жыл бойы мекендейтін жалғыз пингвиндер. Олардың бойы 1,2 м немесе одан да биік болады, салмақтары 22-37 кг жетеді. Олар суда өте жақсы жүзеді. Қорек іздеп мұхитта 50 күннен артық бола алады.



1-тапсырма. Суретке зер сал. Антрактидада жасайтын құстар мен жануарлардың атауларын ата. Олар туралы білетініңді айт.




2-тапсырма. Ребусты шеш. Қаз сөзіне омонимдік қатар жаз.



– 6н



”””



а



32

Әлемдегі мұхиттар. Сөйлем

45

Мәтінді түсініп оқы.



Жер ғарыштан көгілдір мұхиттар планетасы сияқты болып көрінеді – оның бетінің 70 пайыз астамын су басып жатыр. Судың шамамен 97 пайыз мұхиттарда жиналған, ол Жер ауданының 360 миллион шаршы км жауып жатыр. Кейбір жерлерде мұхиттың тереңдігі 10 км асады.

Жер шарында төрт мұхит бар: Тынық, Атлант, Үнді және Солтүстік мұзды. Кейбір ғалымдар Антрактида маңы суларын бесінші Оңтүстік мұхиты деп жеке бөледі.

- ?**
1. Жер жүзінде неше мұхит бар?
 2. Жер ғарыштан қалай көрінеді?
 3. Жер бетінің неше бөлігін су алып жатыр?
 4. Картадан мұхиттарды тап.

Сөйлем аяқталған ойды білдіреді. Сөйлем сөздерден құралады. Әр сөйлемнің бірінші сөзі бас әріптен басталып жазылады. Сөйлем аяқталған соң мағынасына қарай нүкте (.), сұрау (?), леп (!) белгісі қойылады.

1-тапсырма. Берілген мақал-мәтелдердің мазмұнын түсіндір.

Су жүрген жер береке,
Ел жүрген жер мереке.

Таулы жер бұлақсыз болмас,
Сұлы жер құрақсыз болмас.

2-тапсырма. Дұрыс берілген сөйлемдерді көшіріп жаз.

46

Жер бетінде алты мұхит бар. Мұхиттағы сулар тұщы болады. Жер бетінің үштен екі бөлігін су алып жатыр. Кейбір жерлерде мұхиттың тереңдігі 10 км асады. Мұхиттардың астында өзендер бар. Мұхиттарда 2 миллионға жуық өсімдіктер бар. Ең үлкен теңіз жануары бұл – кит. Жер шарында төрт мұхит бар: Тынық, Атлант, Үнді және Солтүстік мұзды мұхит.



33

Су асты әлемі

Мәтінді түсініп оқы.

Көк кит – әлемдегі ең үлкен жануар. Шындығына келгенде, бұл – осы планетада өмір сүрген жануарлардың ішіндегі ең үлкені. Көк киттің ұзындығы 30 м, салмағы 200 тоннаға жуық. Өздерінің алып денелеріне қарамастан, бұл жануарлар – өте нәзік





жануарлар. Олар тиссіз киттер, планктонды шаянтәрізділермен қоректенеді.

«Кит әндері» дегеніміз – киттер бір-бірімен хабарласу үшін шығаратын дыбыс. Олардың әндері белгілі бір үлгіні қайталап тұратындықтан, адам әніне ұқсайды.

Мысалға, көк киттердің дауыстары терең дауысты. Сонымен қатар, олар – барлық жануарлардың ішіндегі ең қатты дыбыс шығаратын жануарлар. Бүкір киттер өздерінің ерекше әндері арқылы байланысады. Олардың кей өлеңдері 10 минуттан аса уақытқа созылулары мүмкін.

«Жануарлар әлемі» балалар энциклопедиясы



1-тапсырма. Суреттердегі су жанураларының атын ата. Су жануарларының қайсысы мәтінде айтылған?



47



2-тапсырма. Мәтінді көшіріп жаз. Неше сөйлем бар екенін анықта. Тиісті тыныс белгілерді қой.

Бүкір киттердің ұзындықтары 12-5 м-ге дейін салмақтары 36 тоннаға дейін жетеді Оларды әлемнің барлық мұхиттарынан кездестіруге болады Бүкір киттерді олардың мығым денесі бүкірі және басының қара түсі арқылы тануға болады.



34

«От пен су» ертегісі

Хабарлы сөйлем Ертегіні түсініп оқы.

Бір күні от пен су кездесіп қалады. От судан:

– Қайдан келе жатырсың? – деп сұрады. Су оттың сөзіне ашуланып:

– Сенің ағайындарың жеті жұртты құртқан жұт әкелетін жалмауыздар, бір үйді ыстық алауына орап, күл – талқан етті! – деді.

От:

– Суеке, оған менің қатысым қанша? – деп еді, су одан бетер айқайлап.

– Бір күшейіп алсаң, айналаңа дес бермей, көзің тоймай бәрін бірақ жалмағың кеп араның ашылады да тұрады! – деді.

Сонда От:

– Ай Суеке, талай жерді, талай елді, тіпті адамзатты төсіңнің астына сап, басып қалғаныңды ұмытасың ау. Көктем болса болды арнаңнан асып, өткел бермей талай елді қан қақсатқан сен емес мен бе? – деді қалыспай. Әбден ашуға булыққан су:

– Енді сенің үніңді біржолата өшірмесем бе, Су атым құрысын, – деп бар пәрменімен Оттың үстіне шапшыды. «Су бір айла жасар – ау» деп дайын тұрған От сытылып қаша жөнелді. Су өкшелеп қуа берді. Жан екпінмен қашқан От алып орманға тығылды. Сол сәт орман ағаштары қызыл алауға оранды. Енді судың жұмысы одан әрі көбейді. Ол орман ағаштарын өшіріп болам дегенше бойынан қауқар кетіп, әбден әлсіреді. Ең соңғы демін салып, отты шала-пұла сөндірді де есінен тана жығылды. От шала бықсып, жатты да бірте-бірте күш ала бастады. Су қатты шошынайын деді.

Ол Оттан:

– Отеке, бір ашуыңды маған бер, мен әбден таусылып, әлсіреп жатырмын. Орманды өртей көрме, – деп жалынды.

Сонда От:

– Жақсылықты жалғыз өзің жасап жүргендей кеп маған кеудеңді көтересің. Бұл дүниеде екеуміздің де өз орнымыздың барын мойындағың келмейді. Орманды алауыма орайым деген ниетім болған жоқ. Сен ашуға алдырған соң өлмеудің амалын жасадым, өмірімді қорғадым. Егер сен килікпегенде бұл орман жайқалып тұрар еді. Одан да сен еңсеңді көтер, орманды суар, күш алсын, – деді.

Дұрыс айтасың, – деген Су Оттың бетіне қарауға шыдай алмай Орманды жағалап ағып бара жатты. Суға қарап тұрған Оттың құлағы Су айтқан мына сөзді естіген еді.

«От досым, мен ағаттық жасадым. Егер сен болмасаң Адамзат қалай жылынар еді. Әрбір үйге нұр шашып, жылу ұялатасың. Мен пақыр күнәмді өтеп, мына жайқалған орман-

ды қайта қалпына келтіремін. Мені кешіріңдер». Су сөзі бара-бара көмескеленіп, мүлдем естілмей кетті.

– Су бар жерде ну бар. Әлі-ақ бәрі қалпына келеді. Екеуміз де Адамзатқа керекпіз. Ауызбірлікте болайық. Енді қателік жасап алудан сақтанайық. Сен сол арнаңды асырмай, болмаса кемімей тыныш аққан күйінде қал. Ал, мен дүрілдеп – дүркіремей күшімді сақтап жұмсауға уәде беремін, – деп сыбырлады. От сөзін жел қағып алып Суға жеткізді.

Содан бері Су күш-қуаты бойына сыймаған күні әлемді кеудесіне баспай тарам-тарамдарға бөлініп, кетуге тырысып келеді. Ал От күшін орман ағаштарының өзі алауына ораған, жас өмірін қиып түскен қиындыларына бөліп берді.

- ?**
1. Су мен от не үшін ерегісті?
 2. От пен судың қателігі неде?
 3. Жел қандай жұмыс атқарды?

Бір нәрсе жайлы хабарлай айтылатын сөйлемді **хабарлы сөйлем** дейміз. Хабарлы сөйлемнің соңына нүкте (.) белгісі қойылады. **Мысалы:** Оқушылар мұражайға барды.



1-тапсырма. От пен суға мінездеме бер.



2-тапсырма. Төменде берілген сөйлемдерден хабарлы сөйлемдерді тауып жаз.

◀ Табиғаттағы судың 1,1 пайызы ғана ішуге жарамды болып келеді.

◀ Жер шарының 3 пайызында ғана тұщы су, ал қалған 97 пайызы ащы су.

◀ Ауыл шаруашылығы егін өсірумен айналысу үшін әлемнің 70 пайыз су қорын қажет етеді.

◀ Алақай жаңбыр жауды!

◀ Қарбыз 92 пайыз судан тұрады.

◀ Судың да сұрауы бар ма?

◀ Мамандардың айтуынша судың 1,7 пайызы қатты күйінде, яғни мұз тәріздес болып кездеседі. Бұл суды пайдалануға мүмкіндік бермейді.



Екі жұтым су

35

Ертегіні түсініп оқы.

Байлығының көптігімен елге танымал болған бір хан болыпты. Ол барған жеріне өзін көрсету үшін қазынасынан мол-мол алып баратын әдеті болған екен. Хан өзіне сенімді, ақыл-кеңесін беріп отыратын кеңесші ұстазы болыпты. Күндердің бір күні дастарқан басында кеңесшісіне былай деп сұрақ қояды:

– Сен, ғылымға ден қойған білімді адамсың. Мен сенен бір мәселе жайлы пікіріңді білгім келеді. Сен осы менің хандығым мен қазынам жайлы не ойлайсың? Білімді адам ханның сұрағына жауап беру үшін былай деп сөз бастайды:

– Хан ием! Сіз шөл далада жападан жалғыз сусыз қалып қойдыңыз делік. Жаныңызды аман алып қалу үшін сізге біреу бір жұтым су ұсынса, қазынаңыздың жартысын берер ме едіңіз?

– Беремін, әрине.

– Араға біраз уақыт салып, тағы да шөлдей бастадыңыз. Тағы да тірі қалу үшін сізден қазынаңыздың жартысын сұрар болсам берер ме едіңіз?

Хан біраз ойланып тұрды да:

– Өлмеу үшін беремін ғой, – дейді.

Сонда білімді адам езу тартып, былай дейді:

– Олай болса, қазына-байлық мақтанып көкірек керетін нәрсе емес екен. Өйткені, сіздің қазынаңыз екі жұтым су ғана.



1. Ертегі не жайлы?
2. Ертегінің неліктен «Екі жұтым су» деп аталған?
3. Судың адам өміріне қажеттігі жайлы айт.



1-тапсырма. Жасырынған мақалды тап. Мақалдың мазмұны жайлы өз ойыңмен бөліс.





2-тапсырма. Сөйлемдерді көшіріп жаз. Онда неше сөйлем бар? Оны қалай анықтағаныңды айт.

Сусыз тамақ піспейді сусыз тазалық та болмайды су жо-
лымен жүк тасиды судың күшінен электр қуатын да алады.

Су – біздің байлығымыз оған әр уақытта қамқорлықпен
қарау қажет.



Дүниежүзілік мұхиттың ластануы

36

Мәтінді түсініп оқы.

Дүниежүзілік мұхит-
тың ластануы – адамдар-
дың әрекеті нәтижесінде
мұхит (теңіз) суларын-
дағы бұзылуы. Ластау-
шы заттардың өте көп
мөлшерде жиналуы сал-
дарынан жылдан-жылға
мұхиттың өзін-өзі та-
зарту мүмкіншілігінің төмендеуі онда тіршілік ететін орга-
низмдердің құрып кетуіне немесе шектен тыс көбеюіне алып
келеді. Мысалы, теңіз жұлдызының (Asteroidea) тым көбейіп
кетуінен Австралия жағалауындағы Үлкен тосқауыл «тікенді
шеңбер» қалыптасуда.




Қазіргі кездегі ең үлкен проблема – мұхиттың мұнай және
мұнай өнімдерімен ластануы. Мұхиттың мұнаймен ластануы-
ның басым бөлігі теңіз транспортының және қала аумақта-
рынан шайып әкелетін мұнайдың үлесіне тиеді. Мұнайдың
төгілуінің ең бір ауыр зардабы – су бетінде жұқа мұнай қа-
батының пайда болуы. Мұнайдың ауыр компоненттері су та-
банына шөгеді, бұл су асты жануарлар әлемі мен өсімдіктер
әлемінің жойылып кетуіне себепші болуда.

Қазіргі кезде ашық өзен, көл суларымен қатар жер асты
сулары да сарқынды, шайынды сулармен және еріген зиян-
ды заттармен ластанып отыр. Оның негізгі ластану көздері
мыналар:


– өнеркәсіп өнімдерін сақтайтын қоймалар;

- химиялық заттар және тыңайтқыштар;
- тұрмыстық қалдықтар;
- жер асты суларымен жалғанатын құбырлар;
- ірі құрылыс аймақтары.

 1. Табиғатта суларды қалай тазартуға болады? Ол үшін біз не істеуіміз керек?

 **1-тапсырма.** Суретке зер сал «Суды асыраймыз» тақырыбында өз жобаңды жаз.



 **2-тапсырма.** Тыйым сөздерді қолданып, «Суды дұрыс пайдалан!» нұсқаулығын толықтырып жаз.


Суды бекерге
 Түнде су алуға
 Судың бетін ашық
 Лас су төккен жерді

Тыйым сөздер: барма, қалдырма, баспа, түкірме, төкпе.



Мен не үйрендім?

37

 **1-тапсырма.** Мақалдардың жалғасын тап. Тыныс белгілерді дұрыс қойып жаз.

Алпыс күн тасыған су

Ел арасын қу бұзар

Су - ырыстың көзі

Судың да сұрауы бар

Таумен тасты су бұзар

Алты күнде қайтар

Су бар жерде ну бар

Еңбек кірістің көзі

 **2-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер?

1. Жер бетінде неше мұхит бар?
2. Ең үлкен мұхит қалай аталады?
3. Сөйлем дегеніміз не?
4. Хабарлы сөйлем деп неге айтамыз?
5. Үзінді оқы: – Олай болса, қазына-байлық мақтанып көкірек керетін нәрсе емес екен. Өйткені, сіздің қазынаңыз екі жұтым су ғана. Қай ертегіден алынғанын айт. Мазмұнын еске түсір.

3-тапсырма. Сынып оқушылары тауға саяхатқа бармақшы болды.



Ауа-райының қолайсыздығынан саяхат қалдырылды. Бұл жағдайдан оқушыларды хабарландыру үшін мұғалім саған хабарландыру жазуды тапсырды. Сен хабарландыруды қай мазмұнда жазасың?

ӘМУДАРИЯ ӨЗЕНІ



38

Әмудария өзені

Сұраулы сөйлем Мәтінді түсініп оқы.

Ертеде Әмудария қазіргіден үлкен әрі ұзын болған. Дарияның енінің кеңдігінен арғы жағалуы көрінбейтін еді. Әмударияны алғаш көргендер: «Бұл дария емес, теңіз болса керек» – деп ойлаған. Сол дәуірде Әмудария бойлап үлкен сауда кемелері жүзіп жүрген. Саудагерлер бұл кемелерге түрлі қымбат бағалы бұйымдар мен азық-түліктер артып, өзен бойында жайласқан қалаларға алып барған. Еліміздегі алғашқы қалалардың барлығы Әмудария жағасына салынған. Бұл туралы мәліметтер Әбу Райхан Беруни өзінің «Әмудария тарихы» атты шығармасында жазып қалдырған. Әмударияны «Құт-береке» өзені деп те атайды. Себебі, еліміз тұрғындарының негізгі бөлігі осы өзен суынан ішеді. Диқандарымыздың қырманының мол, халқымыздың дастарқаны тоқ болуының себебі – Әмудария өзені.

Егер еліміздің елтаңбасына мұқият қарасаңыз, самрұқ құсының артында екі өзеннің суретін көресіз. Бұл өзендердің бірі – Сырдария, екіншісі – Әмудария.

Әмудария ғасырлар бойы өз бағытын өзгертті. Мыңдаған жылдар бұрын бұл өзен Каспий теңізіне құйылған. Қазіргі

уақытта Сұрхандария, Хорезм, Қарақалпақстан арқылы ағып, Арал теңізіне құяды.

Әмудария әр халықта әртүрлі атаумен аталады. Мысалы, гректер оны Оксус, римдіктер Оксус, арабтар Жайхун деп атаған.



1. Мәтін не жайлы?
2. Мәтіндегі жер-су атауларын ата?
3. Әмударияны не үшін «Құт-береке» өзені деп те атайды?
4. Әмударияны басқа халықтар қалай атаған?

Бір нәрсе жайлы сұрай айтылған сөйлемді **сұраулы сөйлем** дейміз. Сұраулы сөйлемнің соңына (?) белгісі қойылады. **Мысалы:** Өзбекстанда неше өзен бар?




1-тапсырма. Суретке зер сал. Сұрақтарға жауап бер.



1. Елтаңбада қай өзендер бейнеленген?
2. Табиғатта өзендер қалай пайда болған?
3. Өзендердің қызметі неден тұрады?
4. Әмудария қайда барып құйылады?
5. Қандай өзендерді білесің?



2-тапсырма. Сызба негізінде сөйлем құрастыр.



39

Өзен

Өлеңді түсініп оқы.


Тау басынан,
Құзардан,
Тасты соғып
Бұза алмай,
Тау өзені

Келеді,
Ойнақтаған
Бұзаудай.
Ал еңісте ағады
Жайбарақат жұлынбай,

Маң-маң басқан,
Жай басқан
Сүтті сауын сиырдай.

Ескен Елубаев

1. Өлең не туралы?
2. Өзен қайдан басталады?
3. Ақын өзеннің ағысын қай жануардың жүрісіне ұқсатады?

 **1-тапсырма.** Аян өзінің қарындасы Мерейге өлең оқып отыр. Ал Мерей болса, өлеңдегі сұрақтардың жауабын таба алмай қиналуда. Мерейге көмектесейік. Ол үшін төмендегі өлеңді тиісті дауыс ырғағымен оқып, сұрақтардың жауабын түсіндірме сөздіктен іздейік.

Неге?

Бұлттар неге ауады?

Жаңбыр неге жауады?

Шағыл неге көшеді?

Жарық неге өшеді?

Маса неге шағады?

Жұлдыз неге ағады?


Орман неге шулайды?

Теңіз неге тулайды?

Қадыр Мырза Әли

Сөздікпен жұмыс:

Шағыл – белес-белес, жота-жота болып үйіліп қалған құм.

 **2-тапсырма.** Төмендегі сөздерді мұқият оқы. Олардың айырмашылығын айт. Сөйлем құрастырып жаз.

жылға

арық

көлшік

көл

өзен

су қоймасы

канал

теңіз

мұхит



40

Мейірімді Өзен

Лепті сөйлем Ертегіні түсініп оқы.


Ертеде ауыл жанында өзен болды. Ауыл адамдарына ұзақ уақыт бойы қызмет етті. Өзен аса терең болған жоқ. Балалар суға жиі шомылатын. Бір күні өзен астынан көп қоқыс табылды. Сөйтіп, өзеннің асты ластанды. Адамдар өзенді қоқысқа толтырды. Күндердің күнінде өзен шалшық суға айналып, ғайып болды.

Өзен адамдарға ренжиді. Ол суық жерге ағып кетеді. Өзеннің беті қатады. Мұз болады. Адамдар Өзенге келеді:

– Өзен, бизди кешір. Ренжімеші! – дейді.
Қоқысты тазалайды. Мейірімді Өзен кешіреді.


1. Ертегі не туралы?
2. Өзен неге ластанды?
3. Неліктен ертегі «Мейірімді Өзен» деп аталады?
4. Мөлдір судың адамға қандай пайдасы бар?

Қуануды немесе өкінуді білдіретін сөйлемді **лепті сөйлем** дейміз. Лепті сөйлемнің соңына леп (!) белгісі қойылады.
Мысалы: Алақай, ертең мен киноға барамын!

-  **1-тапсырма.** Адамдар өзеннен не мақсатта пайдаланады? Жалғастыр.



56

-  **2-тапсырма.** Берілген сөздерден лепті сөйлем құрастырып жаз.

Үлгі: Эттеген-ай, қазір жаз мезгілі болған да еді!



41

Асау Өзен

**Бұйрықты сөйлем
Өңгімені түсініп оқы.**

Шілденің шыжыған күні еді. Ауылдың бір топ балалары таяу жатқан Шыршық өзеніне қарай улап-шулап жүгіріп келеді. Көйлектерін жолай шешіп, бұлғап-бұлғап, қиқулайды. Тау өзенінің суы тастай суық. Оның үстіне жоғарыдан құлап аққан судың екпіні тым асау.

Өзді-өзінің шуылымен қаперсіз келіп, суға күмп ете түскен Әлжан ә дегенде-ақ бір батып, бір шығып, әбігерге түсті. Мұны байқаған ересектеу Ернар дереу жағаға жүзіп шығып, көпірге қарай жүгіре жөнелді. Сондағы ойы – осы маңнан тосып, құтқарып алу. Ернардың артынан Жаппар, Жұмағұлдарда бір-бірінен қалыспай ендіккен қалыпта жүгіріп жетіп, көпірге қаз-қатар тұра қалысты.

Әр жердегі қойтарыстарға бір соғылып, есінен айырылған Әлжанды үшеулеп жағаға шығарды.

- ?** 1. Неліктен әңгімеге «Асау Өзен» деп аталады?
 2. Әлжан неге суда аға бастады? Себебі неде?
 3. Ернардың орнында сен болғаныңда не істер едің?

Біреуге **бұйыру** не **талап ету** мақсатында айтылған сөйлем **бұйрықты сөйлем** деп аталады. Бұйрықты сөйлемнен соң **нүкте** немесе **леп белгісі** қойылады.

Мысалы: Сен өзенге шомылуға бармайсың!

- 1-тапсырма.** Бұйрықты сөйлемдерден пайдаланып, өзен, көл, арықтарда шомылу ережесін айт және жаз.



- 2-тапсырма.** Мақалдарды көшіріп жаз.

Бұлаққа бұлақ қосылса - «егізбіз» дейді,
 Көлге көл қосылса - «теңізбіз» дейді.

Судың терең саязын ағысынан білерсің,
 Аттың жақсы, жаманын шабысынан білерсің.

Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен.



Мен не үйрендім?

42



1-тапсырма. Төмендегі сөйлем түрлеріне мысал келтір және көркем жаз.

- ◀ Хабарлы сөйлем
- ◀ Сұраулы сөйлем
- ◀ Лепті сөйлем
- ◀ Бұйрықты сөйлем



2-тапсырма. Суретке зер сал. Хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдерді қатыстырып мәтін құрастыр.



58



3-тапсырма. Семантикалық кестені толтыр.

Сөйлемдер	Хабарлы	Сұраулы	Лепті	Бұйрықты
Жиналыс басталды ма?				
Қане, жігіттер аттарыңды қамдаңдар				
Аспан шайдай ашық				
Сізде де арман бар ма екен				
Сонша малға жерді қайдан таппақсың				
Түн жым-жырт				
Баяндамашыға сұрақ бар ма?				
Ойбай-ау кеше мен солай деп пе едім				
Келші, қалқам менің қасыма отыршы				
Сен бері қарашы				
Па, шіркіннің сөзі!				
Алақай, қар жауды!				

III ТАРАУ. ДЕНСАУЛЫҚ – ТЕРЕҢ БАЙЛЫҚ

ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ



Денсаулық

Өлеңді түсініп оқы.

Денсаулық ол – шыныққан
Барлық денең мүшесі.
Денсаулық ол – тыныққан
Жүйке тамыр жүйесі.

Денсаулық ол – күлуің
Көңіл – күйің жадырай,
Денсаулық ол – жүруің,
Ешбір жерің ауырмай.



1. Денсаулық дегенде нені түсінесің?
2. Денсаулығымыз мықты болу үшін не істеуіміз керек?



1-тапсырма. Суреттерді салыстыр. Балалар туралы не айта аласың? Не үшін денсаулықты сақтау керек деп ойлайсың?



2-тапсырма. Тапсырманың бірін таңдап жаз.

1. Сен оқитын мектептің оқушылары бір демалыс күні «Нито arena» мұз айдынына барып, «Спорт күні» мерекесін өткізді. Онда қысқы спорт түрлерінен түрлі жарыстар ұйымдас-тырылды. Сен бір ойын түрі бойынша жеңімпаз атандың.

2. Саған мұғалім «Денсаулық күні» мерекесіне орай оқушыларға «Қауіпсіздік және денсаулық ережелерін» жазып келуді тапсырды. Себебі сен спорт секторының әрі жазған

нўсқаулығыңды мектеп оқушылары алдында оқып беру керексің.

3. Сен мектепте өткізілетін «Үздік әңгіме» конкурсына қатысушылардың бірісің. Мектеп оқушылары арасында өткен «Денсаулық күні» мерекесі туралы әңгіме жазу тапсырылды.



44

Тазалықты сүйемін

Зат есім

Өлеңді түсініп оқы.

Үлкен болдым мен енді,
Үйден шаңды қуамын
Шүбірекпен енденді,
Жалтыратып жуамын.

Сүрттім тағы бәрін де,
Терезе мен айнаны.
Күннің көзі күлімдеп,
Үйдің іші жайнады.

Шкаф, диван үстелді,
Сүрттім бәрін жақсылап.
Бойыма бір күш енді,
Одан сайын қамшылап.

Бір ерекше күйге еніп,
Бөлме кетті жанданып,
Босағаға сүйеніп,
Әкешім тұр таңғалып.

60



1. Өлең неліктен «Тазалықты сүйемін» деп аталады?
2. Тазалықтың денсаулыққа пайдасы бар ма?



1-тапсырма. Мақалдардың мазмұнын түсіндір.

Тазалық денсаулық негізі,
Байлық саулық негізі.

Жасыңнан салақ болсаң,
Бара-бара былық боларсың.

Зат есім – заттың, құбылыстың атын білдіріп, **кім? не? кімдер? нелер?** деген сұрақтарға жауап беретін сөз табы.



2-тапсырма. Өлең жолдарындағы қайсы сөздер зат атауын, қайсы сөздер қимыл атауын білдіретінін жаз.

Зат атауларын білдіретін сөздер	Қимыл атауларын білдіретін сөздер



3-тапсырма. Берілген сөздерден зат есімдерді тауып жаз.



45

Қалай дұрыс тамақтану керек?

Диалогты түсініп оқы. Өз ойыңмен бөліс.



– Әли мен таңғы асты ішкім келмейді. Ботқаны тіпті жегім келмейді. Оның орнына тәтті тоқашпен, кәмпитпен шай ішкенді ұнатамын.



– Мерей, таңғы асты ішпеу дұрыс емес. Мен таңертең анам дайындаған ботқаны үнемі жеймін. Өртүрлі шырын ішуді ұнатамын. Анам маған сабақты жақсы оқу үшін дұрыс тамақтану керектігін айтады.




– Меніңше, дұрыс тамақтану деген өзің қалаған тағамды тойып жеу деп ойлаймын.

Ал сендер қалай ойлайсыңдар, балалар?

61



1-тапсырма. Суреттерге зер сал. Қай суретте таңғы ас, түскі ас, кешкі ас берілген. Не үшін солай деп ойлайсың?





2-тапсырма. Дастарқандағы тағам аттарын жаз.

1-дастарқан	2-дастарқан	3-дастарқан



Қомағайлық

46

Жалқы және жалпы зат есім

Мәтінді түсініп оқы.

Бір қомағай қонақта отырып, тамақты өте көп ішіп-жепті. Үйіне келген соң, мешкей күпті болып, ауырып қалыпты. Көршісі келіп:

– Саған не боп қалды? – деп сұрайды.
– Қонаққа барып едім. Асты көп жеп жіберсем керек, – дейді.

Сонда көршісі:

– Ас біреудікі болғанмен, қарын өзіндікі екенін ойладың ба? – депті.



1. Қомағайлық дегеніміз не?
2. Асты көп жеудің салдарынан не туындайды?
3. Қомағай адамдарға айтар кеңесің.

Сөздікпен жұмыс:

Мешкей – тамақты көп ішетін, тойымсыз адам.

Күпті болу – тамақты шектен тыс жегеннен ауырып қалу.



1-тапсырма. Суретке зер сал. Қайсы баланың тамақтануы дұрыс деп ойлайсың?



2-тапсырма. «Қомағайлық» әңгімесіндегі зат есімдерді тауып жаз.

Кім?	Не?



3-тапсырма. Ережеге сүйеніп мысал келтір.

Жалқы есім:
Айдос, Ташкент,
Мойнақ,...

Жалпы есім:
парта, қалам,
өзен, тау,....



Қожанасыр мен ашқарақ

47

Әңгімені түсініп оқы.

Бір тойда ашқарақ біреу қомағайлана ішіп-жегенімен қоймай, қалтасына құрт пен ірімшікті сала береді. Қасына отырған Қожа әлігінің қалтасына ыстық шай құйып жібереді.




64

Ашқарақ адамның тез ашуланатын әдеті емес пе:
 – Бұл не деген бейбастық, – деп Қожаға дүрсе қоя береді.
 Сонда Қожа байсалды пішінмен:
 – Қалтаң құрт пен ірімшікті көп жеді, шөлдеп қалмасын деп құйғаным ғой, – депті.

1. Әңгіме не туралы?
2. Ашқарақ кісінің істеген ісі дұрыс па?
3. Қожа не мақсатта ашқарақтың қалтасына шай құйды деп ойлайсың?
4. Әңгімеден алған әсерің қандай?

Сөздікпен жұмыс:

Ашқарақ – тамақсау, қомағай адам.

-  **1-тапсырма.** Суретке зер сал. Сен таңғы асқа қайсы тағамды жеген болар едің? Досыңа түскі тамақ үшін ас мәзірін түз.



-  **2-тапсырма.** Аңыздағы жалқы есімдерді теріп жаз.

-  **3-тапсырма.** Сөздерді көшіріп жаз. Қай сөз көп екенін анықта.

Арал, жаңбыр, Ташкент, Құтжол, өлке, бала, Сырдария, аумақ, Мойнақ, қала, Абылайхан, Самарқант, Айдаркөл, өнер, тау.



Сусын туралы жыр

Өлеңді түсініп оқы.

Жаз айында шілде де,
 Қатты ысиды күн неге?
 Бәріміз де шөлдейміз,
 Шөл басуды жөн дейміз.
 Сусынға бай халқымыз,
 Қандай тәтті бал қымыз!

Шалап, қатық, айран бар,
 Ішіп алып ойнаңдар!
 Іздегенге сусын көп,
 Көже ішеді Тұрсынбек.
 Көрдіндерме Қуатты,
 Ұнатады ол шұбатты ...
 Өзіміздің Инабат,
 Ішеді ылғи Лимонад.
 Жәмиланың жалғыз-ақ
 Іздегені – Балмұздақ.
 Сусынға бай халқымыз,
 Қандай тәтті бал қымыз!
 Айтқанымды істеңдер:
 – Тек шикі су ішпеңдер!



Тоқаш Бердияров
 (1925–1988)

1. Өлең не туралы?
 2. Өлеңдегі сусын түрлерін ата?
 3. Өлеңдегі қатысушыларды ата? Олар нені ұнататынын айт?
 4. «– Тек шикі су ішпеңдер!» деген өлең жолын топта талқылаңдар?

66



1-тапсырма. Суретке зер сал олардың атын ата және жаз.



2-тапсырма. Өлең жолдарындағы жалқы есім мен жалпы есімдерді екі бағанға бөліп жаз.

Жалқы есім	Жалпы есім

ДӘРУМЕНДЕР



49

Дәрумендер дауасы

Негізгі және туынды зат есім

Өлеңді түсініп оқы.

Өрлеу үшін елің,
Жүру үшін жерің,
Болу керек мықты
Денсаулығың сенің.

Болу үшін зерек,
Болу үшін ерек,
Денсаулықты дәйім
Күтіп жүру керек.

Ішсең егер дәрі,
Зиянды оның бәрі.
Бойға қуат берер
Тағамдардың нәрі.

Дәрумендер тобы –
Мол қуаттың қоры.
Табиғат та емші,
Біліп жүр сен оны!



67

1. Өлең не туралы?
2. Дәрумендердің адам ағзасы үшін қандай пайдасы бар?
3. Сен қандай дәрумендерді белесің?





1-тапсырма. Жұмбақтардың шешуін тап. Ол туралы білетіңді айт.

Алдыменен туратар,
Артынан – жалатар.



Сырты – қызыл, іші – ақ,
Турап жедім ұсақтап.
Ерте шығар көктемде,
Болмайды жаз жеткенде.

68



2-тапсырма. Туынды зат есімдерді түбір және жұрнаққа ажыратып жаз.

Жүзгіш, тазалық, суретші, сызғыш, қыстау, жолдас, байлық, әнші, аспаз.

Үлгі: ас+паз,




3-тапсырма. Берілген сөздерден негізгі және туынды зат есімдерді тауып жаз.

бал	жол	балықшы	жолшы
орта	етікші	ел	ұшқыш
іскер	жасыл	өшіргіш	саулық
мектеп	кезекші	сүт	достық


Дәрумендер тірегің

Өлеңді түсініп оқы.


Дәрумендер тірегің,
 АВСДЕ деп аласың.
 Жетіспесе бірі оның,
 Ауырып сен қаласың.
 А-сы қажет көзіңе,
 В-сы қажет жүйкеге
 С-дан микроб безінер,
 Д-сүйекті нығайтар,
 А-болады асқабақ,
 Өрік, айран, салатта,
 В-балық, картоп, асқабақ,
 Сиыр еті, жаңғақта,
 С-апельсин, алмұртта,
 Д-балық майында.



1-тапсырма. Сөзжұмбақты шеш. Жасырынған сөзді тап.



2-тапсырма. Суретке қара. Негізгі зат есімдерді қатыстырып сөйлем құрастыр.





51

Дәрумендер тілге кіргенде

Мәтінді түсініп оқы.

Мен **«А»** дәруменімін. Мен асқабақта, өрікте, қызанақта, салатта, сендер күнде ішіп жүрген айранда боламын. Мені күнде өз тағамдарында қолданған балалардың көздері жақсы көретін болады. Бойларына күш қуат беремін.

Ал мен, **«В»** дәруменімін. Мен балықта, картопта, асбұршақта, сиыр етінде, жаңғақта, нан өнімдерінде боламын. **«В»** дәруменін қолданған баланың ішкі құрылыстары, жүйке жолдары, қан айналымдары күшейіп, жақсы жүгіретін болады.

Мен **«Д»** дәруменімін. Мен жұмыртқада, балықтың майында, сүт тағамдарында, яғни ірімшікте, қаймақта боламын. Мені қолданған баланың сүйегі мықты болады. Қалай иілсеңдер де, сүйектерін мықты болып өседі.

Мен **«С»** дәруменімін. Мен орамажапырақта, алмада, лимонда, апельсинде, алмұртта боламын. Мені жеп өскен бала мықты, батыр болады. Ешқандай микробтар жоламайды. Балалар, біз сендерге өте қажетпіз. Денсаулықтарың мықты болып өсу үшін бізбен дос болыңдар.



1. Сендер біз туралы не білесіңдер?
2. Көзіміз жақсы көруі үшін бізге қай дәрумен қажет?
3. Сүйектеріміз мықты болу үшін қай дәрумен қажет?



1-тапсырма. Дым білместің білгенін дәлелде.

Жеміс жидектер мен көкөністер адам ағзасына пайдалы. Себебі ...





2-тапсырма. Көркем жаз. Негізгі зат есім қай мақалда берілмеген?

Ағаш екпей жеміс бермес,
Іс бітпей жеңіс келмес.

Жеріне қарай жемісі.

Ағаш бір жерде көгереді.



3-тапсырма. «Дәрумендер тілге кіргенде» мәтініндегі негізгі зат есімдерді тауып жаз.



Білген жөн болар

52

1. Сөйлемдерді түсініп оқы.



Балық – қартаюға қарсы ең жақсы азық, миды және жүректі қорғайды. Рухани жағдайды реттеп, қан құрамындағы шекерді қалыпқа келтіреді.

Сүт – витамин, минерал және бактерияларға өте бай.



Жаңғақ – жүректің қызметін реттейді. Бір күн үшін 25 грамдық, бадам (миндаль), жаңғақ, жержаңғақ, орман жаңғағы жеткілікті.

Ет – жайлауда жайылған малдың еті, яғни қызыл еттер пайдалы.



Жұмыртқа – ең зиянсыз ас. Миды қорғайды және көз саулығын күшейтеді.



Пияз және сарымсақ – инфекцияларды жояды.



Қызылша – бүйректерге пайдалы, тұз мөлшерін реттейді.

Банан – жүрек соғуын дұрыстайды, қан қысымын реттейді.



1-тапсырма. Суретке зер сап. Дүкен сөресінде тұрған тағамдар түрлерінің өзіңе ұнағанын таңда. Оның пайдасын айтып көр.



2-тапсырма. Негізгі зат есімдерді туынды зат есімдерге айналдырып жаз.

Негізгі зат есім	Туынды зат есім
ұш	
дос	
ас	
балық	
бас	
жас	
оқу	
біл	



3-тапсырма. Мақалдарды көшіріп жаз. Туынды зат есімдерді тап.

Өнерлінің қолы алтын,
Өлеңшінің сөзі алтын.

Диқаншы жерін мақтайды.
Балықшы көлін мақтайды.

«Сіз» деген – сыпайылық,
«Сен» деген – анайылық.



Дәрумендер қайда бар?

53

Өлеңді түсініп оқы.

Мен қызанақ, қызанақ,
Қызарып ақ пісемін.
Дәмім тәтті болғасын,
Мені халық көп жейді.




Мен алмамын, алмамын,
Денсаулыққа пайдамын.
Сусынымды ішсеңіз,
Көп ауруды жазамын.



Мен қиярмын, қиярмын,
Жесең есті жиярмын.
Кетіруге бекеуді,
Шырынменен жуармын.

Мен сәбізбін, сәбізбін,
Емдік қасиет беремін.
Көп ауруды жазамын,
Емделем десең әзірмін.

Мен қарбызбын, қарбызбын,
Күннің көзін сүйемін.
Ауырса бүйрек, бауырың,
Көмегімді беремін.



Барлығың да дәмдісіңдер,
Шырқап айтар әнімсіңдер.
Көз тоймайтын кереметтер,
Дастарқанның сәнісіңдер!



1-тапсырма. Суретке қара. Үстел үстіндегі заттарға қарап, қыздың қандай тамақ әзірлеуін айтып көр.



74



2-тапсырма. Тор көздің ішіндегі шашыраңқы әріптердің басын қосып, зат есімдерді жаз.

м	а	л	ж	е	а
и	м	қ	я	з	р
ы	з	қ	а	р	б
з	с	і	ә	б	т
қ	у	а	н	ы	ш



3-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті негізгі және туынды зат есімдерді қойып, көшіріп жаз.

... гүлге қонды. ... егін екті. ...жердің аты. ... үйге кірді.

Қажетті сөздер: атам, ара, егінші, балықшы, қарлығаш, Сарыбел.



Дәрумендер

54

Мәтінді түсініп оқы.

Адам ағзасына тағамдар арқылы келіп түсетін майлардың, көмірсулардың және минералды тұздардың алмасуын жылдамдататын сонымен қатар реттейтін бұл – дәрумендер. Олар тағамдық заттармен бірге организмге түсіп, зат алмасуға, организмнің өсіп-өнуіне әсерін тигізеді. Адам ағзасының қорғаныштық қабілетін арттыруда дәрумендердің атқаратын міндеті зор. Егер тамақтану дұрыс жолға қойылмаса, яғни күнделікті пайдаланатын тағамдарымызда ағзамызға қажетті дәрумендер мөлшері жеткіліксіз болса, онда адам ағзасы түрлі ауруларға шалдығады. А және Д дәрумендерін шамадан тыс көп қабылдау ағзаның улануына әкеп соғады.



Бүгінгі таңда дәріханаларда да дәрумендер сатылуда, дегенмен ол дәрумендерді сатып алудан алдын дәрігерге жүгіну керек.

1. Мәтін не туралы?
2. Не үшін адамдар дәрумендерден пайдаланды?
3. Дәрумендерді шамадан тыс қабылдау адам ағзасы үшін қауыпті ме?

Зат есім тудыратын жұрнақтар: -шы, -ші, -лық, -лік, -дық, -дік, -тық, – тік, -ша, – ше, -шық, -шік, -хана, -кеш, – стан.



1-тапсырма. Зат есім тудыратын *-шы, -ші, -лық, -лік, -дық, -дік, -тық, – тік -ша, -ше, -шық, -шік, -хана, -кеш, – стан* жұрнақтарына мысал келтіріп жаз.

Үлгі: қой+шы, кітап+хана,



2-тапсырма. Кестені дәптеріңе сыз және толтыр.

Сөздер	Ән, күйші, балық, орман, тасбақа, табыскер, қайырымдылық, кітапхана, кітап, мектеп.
Негізгі зат есім	
Туынды зат есімдер	



3-тапсырма. Мәтінді көшіріп жаз. Туынды зат есімдерді негізгі зат есімді ажыратып жаз.

Нүрекең – көпті көрген адам. Ол кісі кезінде аңшы да, балықшы да, жылқышы да болған. Әңгіменің майын тамызады. Үнемі немерелеріне әңгіме айтып отырады.



4-тапсырма. Берілген сөздерге зат есім тудыратын жұрнақтардың дұрысын қойып айт.

76



ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАЙМИЗ



55

Табиғатты қорғаймыз!

Дара және күрделі зат есімдер

Өлеңді түсініп оқы.

Жақсылықты қолдаймыз,
Табиғатты қорғаймыз.
Гүл егеміз бақтарға,
Айналасын қоршаймыз.

Табиғат біздің анамыз,
Жер-Ана біздің панамыз.
Таза болса табиғат
Біз де аман боламыз.


Бұтақтарды сындырмай,
Тазалықты сақтайық.
Гүл өсіріп, су құйып,
Табиғатты қорғайық.



1. Өлең не туралы?
2. Өлеңдегі негізгі ойды анықта?
3. Өлеңнің мазмұнына сәйкес мақал айт.


Зат есімдер құрамына қарай **дара зат есім** және **күрделі зат есім** болып бөлінеді.

Дара зат есім – бір ғана негізгі немесе туынды түбірден тұрады. **Мысалы:** кітап, мұра, азық, мектеп, бала.

 **1-тапсырма.** XXI ғасыр – техника ғасыры болғандықтан өндіріс даму үстінде. Дегенмен өндірістің дамуы табиғатқа зиян келтіруде. Табиғат зиян көрмеуі үшін қандай жұмыс жасасақ болады? Өз жобаңды айт.



 **2-тапсырма.** Өлең жолдарындағы дара зат есімдерді тауып жаз.

 **3-тапсырма.** Дара зат есімдерді қолданып, табиғатты қорғауға қатысты бес сөйлем құрастырып жаз.

Үлгі: Табиғат байлықтарын тиімді пайдалану, оны сақтаудың бірден-бір жолы.

78



56

Жердің киесі

Әңгімені түсініп оқы.

Ертеде бір бай баласының он үшке толған туған күніне арнап қонақтар шақырыпты. Қариялар дастарқан басында отырып, әңгіме айтыпты. Жастар көк шөп үстінде күш сынасып күресіпті. Жиналғандар балалардың өнеріне қол соғып, мәз болыпты. Бірақ бай өз баласының бойынан ел мақтайтын қасиет таба алмапты. Ешқандай өнер көрсете алмаған баласы үшін бай ішінен ренжіп отырыпты. Жоқтықты көрмей, шалқып өскен жалқау баланың қолынан ештеңе келмепті. Бар білгені – жерге түкіру екен. Осы кезде байдың басына бір ой келіп, қуанып кетеді. Кім алысқа түкірсе, соған тайлақ беремін депті. Бұл жарыста бай баласы алдына жан салмайды. Жүлдені ұтып алады. Қуанғаннан әкесі тағы бір семіз қой сояды. Ішіп-жеп, тойғанына мәз болған халық бай баласын мақтап тарқапты.

Кешқұрым жел тұрып, құм боран соғады. Үш тәулікке созылған дүлей дауыл мен оның ыстығынан көгорай шалғын курап, құдықтарды құм басып қалады. Бұл неғылған дауыл деп ел таңғалады.

– Жер – біздің анамыз. Жерге түкіргендерің дұрыс болмады. Жерді ренжітуге болмайды, – дейді бір ақылды қарт. Жердің бетіне тиген түкірікті көздің жасы ғана жуа алады екен. Елдің айтуына қарағанда, бүгінде сол жер шөлге айналған. Күн қақтаған далада тек қана түйетікен өсетін көрінеді. Ал халық болса қаңбақ сияқты әлі күнге дейін әр жерге көшіп-қонып жүр деседі.

- ?**
1. Әңгіме не туралы?
 2. Бай не үшін ренжіді?
 3. Байдың ойлап тапқаны дұрыс па?
 4. Көгорай шалғынның шөлге айналуына не себеп болды?

1-тапсырма. Суретке зер сал. Өз ойыңмен бөліс, ағаштардың былай болу себебі неде?



2-тапсырма. Әңгімеден дара зат есімдерді тауып жаз.



57

Судың да сұрауы бар

Мәтінді түсініп оқы.

Қазіргі уақытта Жер шарында жыл өткен сайын ауызсудың қадірі біліне түсуде. Дүниежүзінің көптеген елінде су сату үйреншікті іс болып саналады. Дамушы елдердің кейбіреулерінде отбасы табысының он пайызы су сатып алуға

кетеді. Кейбір мемлекеттерде су алыстағы таудан тасылып әкелетіндіктен, оның бағасы қымбат тұрады. Су цистернамен әкелінетін ауылдар өз елімізде де кездеседі. Жер шарында тұщы су қорының шектеулі екені анық байқалды. Сондықтан «Судың да сұрауы бар» деген халық даналығын әр уақытта есте ұстаған абзал.

«Балдырған» журналынан

1. Мәтінде не туралы айтылған?
 2. «Судың қадірі» дегенде нені түсінесің?
 3. Мәтін неліктен «Судың да сұрауы бар» деп аталған?

1-тапсырма. Ғарыштан алынған суреттерге назар аударыңдар. Арал теңізін қалай қалпына келтірсек болады?



1980 жыл



2000 жыл



2020 жыл

2-тапсырма. Көркем жаз. Дара зат есімдердің астын сыз.

Арал теңізі Өзбекстан мен Қазақстан шекарасында орналасқан. ХХ ғасырда ауданы жағынан 68 мың км² әлемде төртінші орында болатын, бірақ 1960 жылдардан бастап теңіздің суы азайып келеді.

3-тапсырма. «Су – тіршілік көзі» тақырыбында эссе жаз.



Қандай болып өсемін

58

Өлеңді түсініп оқы.

Табиғатты сүймейтін
Баланың көп кеселі,
Ол обалды білмейтін
Тас жүрек боп өседі.

Дегенді оқып бірде мен
Жиіледі тынысым,
Жоғалғандай бірдеңем
Кетті мүлде тынышым.

Бұл табиғат деген не?
Жұрттың емдер кеселін.
Оны жақсы көрем бе,
Қандай болып өсемін?

Табиғатты білемін
Ауа, су, жер, күн, аспан.
Жан-жануар, гүл егін
Көкжиекке ұштасқан...



Табиғат қой адамға
Орын берген төрінен
Табиғат қой анам да,
Жеке көрем бе оны мен?

81

- ?**
1. Өлең не туралы?
 2. Табиғатқа нелер жатады?
 3. Не үшін Табиғат-Ана дейміз?

Күрделі зат есім – кемінде екі сөздің бірігуі, қосарлануы, тіркесуі, қысқаруы арқылы жасалады. Мысалы: кәсіпорын, бала-шаға, баспасөз...



1-тапсырма. Өз ойыңмен бөліс.

Өзің жасап тұрған өлкеде жер су, ауа, жануарлар мен өсімдіктер әлемінде қандай мәселелер бар? Оларды шешу жолын қарастыр.



2-тапсырма. Көп нүктенің орнына күрделі зат есімдерді тауып жаз.

1. Аңдар: жолбарыс,,,
2. Құстар: бозторғай,,,
3. Өсімдіктер: түймедақ,,,
4. Жер-су атаулары: Жетісу,,,



3-тапсырма. Берілген сөздерден сөйлем құрастыр.

көкжиек

Тасбақа

Ақбөкен

Құрт-құмырсқа

Жан-жануарлар

Шыбын-шіркей



Табиғатым

59

Өлеңді түсініп оқы.

Табиғат қандай тамаша,
 Өрбір күні жаңаша.
 Таң атады нұрланып,
 Бұлбұл сайрап бақтарда.
 Тау ішінде бұлағы,
 Сарқырап бір жатқанда.
 Көк кілемдей төселген,
 Жерім қандай тамаша.
 Хош иісі даламның,
 Бақыт сыйлар адамға.
 Ей, адамзат аялайық, қорғайық,
 Адамзаттық борышымызды ақтайық,
 Табиғаттың тазалығын сақтайық...

1. Өлең не туралы?
2. Достарың «Табиғатты, жануарларды, өсімдіктерді қорғау керек» деп санай ма?



1-тапсырма. Жұмбақтардың шешуін тап.

Таңмен көзін ашады,
 Өлемге нұрын шашады. (...)

Тауда өсер, таста өсер,
 Көктем менен жазда өсер.
 Қыста өшер. (...)



2-тапсырма. Күрделі зат есімдерді тап және жаз.



Ұрпақтардан – ұрпақтарға мұра етіп

60

Өлеңді түсініп оқы.

О, адамзат аман жүргің келсе егер,
Қарап тұрма несібең ғой қара жер.
Табиғаттың тазалығын сақтағын,
Азаматтық борышыңды ақтағын.

Тал отырғыз, көгалдандыр еліңді,
Үлес қосып, нәр берсейші жеріңе.
«Мал қалғанша, тал қалсыншы» деген ғой
Соны түсін аманат бұл атадан.

Ата-баба елі үшін аттанған,
Сол кездерде бізге сеніп сақтаған
Ұрпақтардан – ұрпақтарға мұра етіп,
Туған жерін қарашықтай сақтаған.



83



1. Өлең не туралы?
2. «Мал қалғанша, тал қалсыншы» деген қанатты сөзді топта талқыла.



1-тапсырма. «Асар-елге жарасар» тақырыбында әңгіме құрастыр.



2-тапсырма. Дара зат есімді күрделі зат есімге айналдыр.

Су

ас

қайың

көш

бас

ВИРУС БҰЛ НЕ?



61

Бактериялар

Деректі және дерексіз зат есімдер

Мәтінді түсініп оқы.



Бактериялар – тірі ағзалардың ежелгі түріне жатады. Олар 3,5 млрд жыл бұрыннан бастап өмір сүреді. Бактерияларды тек микроскоп арқылы көруге болады, сондықтан оларды микроорганизмдер немесе микробтар деп атайды.



Бактериялардың пайдасы: өлген жануарлар мен өсімдіктерді сондай-ақ саңырауқұлақтарды ыдыратып шірітеді.

Бактериялардың зияны: тірі ағзаларға сонымен бірге жануарлар, өсімдіктер денесіне жабысып ауруға шалдықтырады, өзіне қажетті ағзалық заттарды сорып тіршілік етеді.

Нақтылы тануға болатын зат атаулары **деректі зат есім** деп аталады. Мысалы: мектеп, қалам, кітап.

Көзге көрінбегенмен, адамның ойлау нәтижесінде ғана танылатын құбылыс, ұғым атаулары **дерексіз зат есім** деп аталады. Мысалы: ақыл, парасат, сезім, арман.



1-тапсырма. Суретке зер сал. Сұрақтарға жауап бер.



1. Не үшін қолдарымызды сабынмен жуу керек?
2. Жуылмаған ыдыс-аяқты істетсек не болады?
3. Вирустар көбіне қандай жерлерде өмір сүреді?
4. Вируспен кеселденудің салдары немен аяқталатынын білесің бе?



2-тапсырма. 1-тапсырмадағы суретке зер сал және деректі зат есімдерді тауып жаз.




Бактериялар қайда өмір сүреді?

62

Мәтінді түсініп оқы.


Бактериялар жер шарының кез-келген жерінде кездеседі. Ауада, мұхит түбінде, ағысы жылдам өзенде, өте қатты суықта да, қайнаған сүтте де, ең көп кездесетін жері топырақта. Топырақтың жоғары қаба-



тында миллионға жуық бактериялар болады. Шамамен бір гектарда екі тонна бактерия болады. Бактериялар сонымен бірге жануарлар, адамдар денесінде паразиттік жолмен тіршілік етеді.

1. Бактериялар қай жерде кездеседі?
2. Бактериялардан қорғану үшін не істеу керек?

1-тапсырма. Суретке зер сал. Вирустардан қорғану үшін не істеуіміз керек.



86

2-тапсырма. Тездікпен жаңа вирус туралы адамдарды хабарландыру үшін хат жолда. Төмендегі сөздерден пайдалан.

Вирустың қабілеттері





Вирустар

63

Мәтінді түсініп оқы.

Вирустар – тірі ағзаларда көбейеді және жасайды. Тірі ағзалардағы инфекциялық аурулардың қоздырғыштары. Вирустар бактериялды сүзгіштерден өтеді. Вирустар көптеген аурулардың себепшісі. Мысалы: тұмау, құтыру және тағы басқалар.




1-тапсырма. Суретке зер сал. Коронавирустан қорғанудың қандай әдістері бер екенін біліп ал.



1. Бетперде тақ.
2. Қолыңды сабынмен жу.
3. Қашықтықты сақта.



2-тапсырма. Төмендегі вирус туралы не білеміз? Мұғалім көмегінде сөйлем құрастыр.





64

Тұмау (грипп)

Мәтінді түсініп оқы.

Тұмау вирусы өте тез тарайды. Инфекцияны қоздырушы – тұмаумен ауырған адам. Қоздырғыштар науқас адам жөтелгенде, түшкіргенде және қақырық, сондай-ақ науқас адам пайдаланған заттар, т.б. арқылы таралады.

Тұмау кенеттен басталады. Әдетте ауру дене қызуының тез жоғарылауымен, бастың қатты ауруы, жалпы әлсіздік, ұйқының бұзылуы, тамаққа тәбеттің болмауы сияқты белгілермен көрінеді. Кішкентай балаларда құсу және тырысу байқалуы мүмкін. Бірнеше уақыттан кейін мұрыннан су ағу, жөтел, кейде дауысының қарлығыуы қосылады. Жиі бүкіл денеде сырқырау, буындарда ауырсыну байқалады. Осы кезеңде ауру адам басқаларға жұқпалы болады. Ауру ағымы сәтті жағдайда 3-5 күнге созылады, одан кейін жазылады.

88

1. Тұмаудың алдын алу үшін не істеу керек?
2. Тұмау ауруымен ауырған адам не істеу керек?
3. Үй жағдайында тұмаумен ауырған адамға қандай көмек беру қажет?



1-тапсырма. Тазалық құралдарын ата. Олар бізге не үшін қажет?





2-тапсырма. Көркем жаз. Деректі және дерексіз зат есімдердің астын сыз.

Вакцина (Екпе) – Тұмау ауруына қарсы ерекше иммунитет қалыптастыру мақсатында арнаулы вакцинамен егеді. Еккен вакцина (екпе) адам организмінде ауруға қарсы иммунитет қалыптастырады. Қазіргі кезде жылдан–жылға тұмау вирусының мутациялық қабілеттеріне байланысты вакцина құрамы өзгертіліп тұрады, сол себепті екпелер тұмаудан 90 пайызға дейін қорғайды. Тұмауға қарсы қорғаныстың бір түрі – вакцина (екпе) деп аталады.

Вакцина – дәрігерлеріміз ойлап тапқан ақыл-ой жемісі.



65

Қарабай-ау, Қарабай

Өлеңді түсініп оқы.

Қарабай деген бала бар,
Өмірі таза жүрмейді.
Киімі күнде кірлейді,
Тазалықты білмейді.
Тазалықты сүймейді,
Таза жүрсе, түнеріп,
Ойнамайды, күлмейді.
Қызыққа онда бойлайды,
Күлкіге онда тоймайды.
Сабағының орнына,
Ойынды ғана ойлайды.
Сабағың болды «қаза» деп,
Балалар оны мазақтар.
Бет – аузың тіпті таза деп,
Кекетіп күліп қылжақтар.



Өтебай Тұрманжанов



1. Өлең не туралы?
2. Өлеңдегі негізгі ойды анықта?
3. Балалардың Қарабайды мазақтауы дұрыс па?

ЕСТЕ САҚТА!

Салауатты өмір салтының факторлары:

Тамақтану (уақытымен)

Тазалық (шаш, тері, қол, аяқ) тазалық құралдары (жеке тіс щёткасы, тарақ, сүлгі).


Киім мен аяқкиім тазалығы.

Тұрғын жайдың тазалығы.

Шынығу, таза ауада серуендеу.



1-тапсырма. Вирустармен дос болу нелерге алып келеді?



90



2-тапсырма. Сұрақтарға жауап жаз. Деректі зат есімдердің астын сыз.



1. Тамақтанудан алдын не істеу керек?
2. Тамақтану уақытында ше?
3. Тамақтанып болған соң не істеу керек?
4. Тісті күніне неше рет жуу керек?



3-тапсырма. «Қарабайға кеңес» тақырыбында өз пікіріңді жаз.



Бұл баланы кім дейді?

66

Өлеңді түсініп оқы.

Бәтеңкесін, пальтосын
Өзі кие білмейді,
Бұл баланы кім дейді? (...)

Көзінен жас кетпейді,
Балалардан шеттейді,
Бұл баланы кім дейді? (...)

Айтқанға ол көнбейді,
Қонаққа маза бермейді,
Бұл баланы кім дейді? (...)

Шықпай жатып көшеге,
Үсті-басы кірлейді,
Бұл баланы кім дейді? (...)



1. Өлең кім туралы?
2. Балаға қандай ақыл-кеңес бересің?



1-тапсырма. Жұмбақтардың шешуін тап.

Бұдан кір қорқады,
Судан бұл қорқады. (...)

Дәмі де жоқ, түсі жоқ,
Пайдаланбас кісі жоқ. (...)

Жуынып болғаныңда,
Жүреді қолдарыңда. (...)

Қалтамда жатыр, тісі бар,
Тістемей-ақ істер ісі бар. (...)


Түйістіреді көзіңді көзіңе,
Жолықтырады өзінді-өзіңе. (...)





Мен не ўйрендим?

Сөйлемдерді түсініп оқы.



1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.



1. Зат есім дегеніміз не?
2. Жалпы зат есім мен жалқы зат есімнің айырмашылығы неде?
3. Негізгі және туынды зат есім деп неге айтамыз?
4. Дара және күрделі зат есім дегенде нені түсінесің?
5. Деректі зат есім мен дерексіз зат есімнің ережесін айт.



2-тапсырма. Кестені толтыр.

Зат есім					
Негізгі зат есім	Туынды зат есім	Жалқы зат есім	Жалпы зат есім	Деректі зат есім	Дерексіз зат есім

IV ТАРАУ. МАМАНДЫҒЫМ – МАҚТАНЫШЫМ

ЖАЛҚАУЛЫҚ – ЖАМАН ІНДЕТ



Еңбекпен тапқан ақша

68

Сын есім Ертегіні түсініп оқы.

Ертеде бір кісі болыпты оның жалғыз баласы, әйелі болыпты. Баласы кер жалқау болыпты, әкесінің тапқан табысына масыл болып жатып ішер болған екен.

Бір күні әкесі баласына, мен қартайдым, енді өз еңбегіңмен табыс тауып күнелтуіңе тура келеді дейді. Маған өз еңбегіңмен тапқан табысыңды әкеліп қолыма сал дейді. Содан баласын аяған анасы баласына бір теңге ұстатады да, кешке дейін бір жерде жасырынып отыр да мына теңгені әкеңе ұстата ғой дейді. Солай бала кешке дейін бір жерге жасырынып демалып келіп, әкесіне бір теңгені ұстатып:

– Әке міне табысым, – деп ұстата салады. Әкесі теңгені қолына алып әрі бері аударып қарап отырады да жанып тұрған отқа лақтырып жібереді. Баласы еш қиналмастан үндемей отыра береді. Келесі күні балаға анасы тағы солай бір теңге беріп, тағы бала әкесіне бір теңгені әкеліп қолына салады, әкесі тағы кешегі болған жайды қайталап теңгені отқа лақтырып жібереді. Баласы тағы алаңсыз әрқайын отыра береді. Үшінші күні анасы баласына:

– Қой балам біздің бұл айламыз іске аспады, енді өз еңбегіңмен табыс табуыңа тура келеді – дейді. Баласы таңертең ерте тұрып, өз еңбегімен жұмыс жасауға кіріседі. Күнімен жұмыс жасап, шаршап шалдығып, кешке қараңғы түсе үйіне жетеді де әкесіне табысын береді. Әкесі тағы да күндегі әдеті бойынша теңгені отқа лақтырайын деп ыңғайлана бастағанда баласы, әкесінің қолына жармасып:

– Әке неге бұлай жасайсыз? Бұл менің еңбекпен тапқан табысым ғой, деп жанып тұрған отқа қолын салып жіберіп, теңгені қолының күйгеніне қарамай алады. Сол кезде әкесі: «Көрдің бе, балам кешегі, алдыңғы күнгі табысың еңбексіз еді, ал бүгінгің өз еңбегіңмен тапқан табысың, олай дейтінім,

алдыңғы екі күнде қиналмастан отқа қарап отыра бердің, ал бүгін қатты қиналдың, қолыңды отқа ұрдың. Енді өз еңбе-
гіңмен табыс таба алатыныңа көзім жетті», – дейді.

1. Әңгіме не туралы?
2. Анасының баласына жасырып ақша беруі дұрыс па?
3. Әңгімедегі балаға мінездеме бер?

еңбек етіп, қатесін түсінді

еңбекпен тапқан ақшаның қадірін білді

4. Ережеден пайдаланып ертегідегі сын есімді тап және сұрақ қой.

Заттың түрін, түсін, сапасын, реңін білдіретін сөздер **сын есім** деп аталады. Сын есімдерге **қандай? қай?** деген сұрақтар қойылады.
Мысалы: сұлу, жақсы, таза, қоңыр.



1-тапсырма. Ребусты шеш. Шешуіндегі сөзді қатыстырып сөй-
лем құрастыр.



94



2-тапсырма. Заттың сынын білдіретін сөздерді тұсындағы тиісті
сөздермен сәйкестендір.

Ащы, тәтті, қышқыл
Сүйір, сопақ, домалақ
Кіші, үлкен, ұзын
Қызыл, қара, сары

түсі
дәмі
көлемі
пішіні



69

Жалқау мысық

Әңгімені түсініп оқы.

Бір үйдің мысығы бейғам өмір сүріпті. Қарны тоқ болған соң, қимылдауға ерініпті. Жалқауланғаны сонша – тіпті тұм-
сығының астынан жорғалап өтіп бара жатқан тышқанды
ұстауға да құлқы соқпапты.

Ақыры тышқан:

– Біздің маубас, – деп, мазақтайтын болыпты.

Бір күні қожасы екі-үш қап бидайды үйіне кіргізіп қойып, өзі сыртқа шығып кетеді. Сол кезде қап толы астыққа тышқандар тұс-тұстан лап қойыпты. Көзді ашып-жұмғанша қаптың тас-талқанын шығарыпты.

Жылы жерде пырылдап ұйықтап жатқан мысық тынымсыз сытырлаған мазасыз тықырдан оянып кетеді. Сонда қаптың жібін бытырлата қырқып, дәнді күтірлете күйсеп жүрген тышқандарды көреді де ожырая қарап қойып, жата береді.

– Ә, тамақ жеп жүрсіңдер ме? – дейді де қозғалмайды. Орнынан тұрып, тышқандарды қуып жіберуге ерінеді.

– Әй, қойшы, жей берсін!..

Бір кезде үйге кіріп келген қожасы тесілген қапты, шашылып жатқан дәнді көреді де манаурап жатқан мысыққа жетіп барады.

– Мен үйде сен бар ғой деп сеніп жүрсем, тіпті үйге кірген ұры тышқандарды да ұстай алмайды екенсің ғой. Сені несіне бағамын. Одан да тоғайға апарып тастап құтылайын, – деп, сақылдаған сары аязда тоғайға апарып тастапты.

Ақ қарға оранған тоғай ішінде бүрісіп тұрған мысықты көрген сауысқан:

– Жылы үйде жатып, дайын асқа семірдің. Тышқан аулауға да еріндің. Енді қайтер екенсің? Қане, мынау қар басқан тоғайдан тамақ тауып жей қойшы! – деп, сықылықтай күліпті.



1. Әңгіме не туралы?

2. Маубас қандай мысық?

3. Мысықтың үйден қуылуына не себеп болды?

3. Жалқаулықты жеңу үшін не істеу керек?



1-тапсырма. Сұрақтар бойынша сипаттау мәтінін құрастыр.



Түсі қандай?

Құйрығы қандай болады?

Қай жерде мекендейді?



2-тапсырма. Мақалды жалғастыр. Сын есімдердің астын сыз.

Жақсы байқап сөйлер,
жаман

Жалқаудың жаны тәтті,
.... .



3-тапсырма. Жұмбақтың шешуін тап. Сын есімдердің астын сыз.

Өзі жап-жас, мұрты бар,
Ет пен сүтке ұмтылар.
Тастамайды жылы үйді,
Түкті тоны шұп-шұбар. (.....)



Жалқаугүл мен Іскергүл

70

Ертегіні түсініп оқы.

Ертеде бір Жалқаугүл мен Іскергүл деген екі қыз болыпты. Жалқаугүл еш шаруа істей алмайды. Ал Іскергүл болса, барлық шаруаны шапшаң істейді екен. Бір күні Іскергүл шелегін алып, құдыққа суға барады. Су алып жатқанда шелек құдықтың ішіне түсіп кетеді. Ол шелекті алуға құдыққа түссе, судың ішінде бір кемпір отыр екен. Ол кемпір қызға айтады: сен енді маған қызмет ет содан кейін шелегіңді әкетесің дейді. Іскергүл келісіп, кемпірдің ұсынған тапсырмасын орындайды. Жыртылған киімдерін жамайды, тамақ пісіреді, төсегін мамықтан салып береді. Кемпірге тәтті тағам дайындап береді. Сөйтіп үйге кететін күні жақындайды. Іскергүл кемпірге айтады: мен бүгін үйіме кетемін дейді. Кемпір Іскергүлге ризашылығын білдіріп, шелегіне гауһар тас салып береді де, Іскергүлді үйіне жібереді. Үйіне жете бергенде, үйінің алдынан тауықтар шығып, алақай, алақай! Іскергүл келе жатыр қолында шелегі бар, ішінде бір уыс гауһар тасы бар! – деп айқайлайды. Далаға жүгіріп Жалқаугүл де шығады. Оған бар болған жағдайды баяндап береді. Біраздан соң Жалқаугүл жылап, шелегін алып, құдыққа барады. Шелекті суға лақтырып жібереді де, өзі құдыққа түседі. Шашы таралмаған, үсті басы кір қызды көрген кемпір шошып кетеді. Менің шелегім түсіп кетті соны алуға келіп едім дейді. Кемпір тағы тапсырма


береді. Берген тапсырманы орындай алмайды. Нан пісірейін десе, қолын күйдіріп алады. Тамақты дәмсіз пісіреді. Сөйтіп кетерде кемпір оған шелегіне мұз салып береді. Ол жылап үйіне қайтып келеді.


- 1. Ертегі не туралы?
- 2. Ертегі кейіпкерлеріне мінездеме бер?
- 3. Ертегідегі Жалқаугүлге қандай кеңес берген болар едің?



 **1-тапсырма.** Мақалдарды сәйкестендір. Мазмұнын түсіндір.

Жалқау тек жатар,
Жалқау асын жатып ішеді,
Жаманға жан жуымас,

Қарызға батып ішеді.
Жалқауға мал жуымас.
Бастан ырысы қашар.

 **2-тапсырма.** «Мен жалқаулыққа қарсымын» тақырыбында мәтін құрастыр. Мәтінде сын есімді қатыстыр.

 **3-тапсырма.** Мәтіннен пайдаланып сызба бойынша бір зат есімге қатысты бірнеше сын есім тауып айт.



Әділдің арманы

71

Дара және күрделі сын есімдер

 **1-тапсырма.** Кестедегі сөздерді оқы.

Дара сын есім	Күрделі сын есім
қара, жасыл, сары, үлкен, кең	қара торы, жап-жасыл, сары ала, үлкен-кіші, кең-тар

Кестедегі сын есімдерді салыстырып, қандай сын есім дара, қандай сын есім күрделі болатынын өзің айтып көр. Жасаған қорытындыңды төмендегі ақпаратпен салыстыр.

Сын есім дара және күрделі болады.

Дара сын есім бір сөзден жасалады: көк, қою, жақсы, әдемі, биік.
Күрделі сын есім екі не одан да көп сөзден жасалады: ақ сары, көк ала, тап-таза, өте жақсы. Күрделі сын есімнің құрамындағы сөздер бөлек-бөлек жазылады.

Мәтінді түсініп оқы.

Әділ терең ой құшағында отыр. Оның бар арманы – өскенде ұшқыш болу. Бірде құс болып ұшып кеткісі келеді. Енді бірде «Шіркін, мен де темір құстың моторын өзіме бағындырсам» деп ойлайды. «Ол үшін, – дейді апайы, – сабақты жақсы оқу керек және спортпен шынығу міндетті шарт». Әділге бәрінен де қиын тигені – сабақ оқу. Сабағын оқиын десе, қызықты ойынды кім ойнамақ?

«Балдырған» журналынан



1. Мәтін мазмұны бойынша бір-біріңе сұрақ қой.
2. Мәтінді әрі қарай өзің жалғастырып көр.
3. Мәтіннен сын есімдерді тап. Дара немесе күрделі екенін айт.

98



2-тапсырма. Суреттегі артық затты тауып, тапқан заттың белгісін айт.



3-тапсырма. Сын есімдерді оқып, дара сын есімдерді бір бөлек, күрделі сын есімдерді бір бөлек ажыратып жаз.

Қызыл, қызғылт сары, сары, жасыл, қара қоңыр, көк ала, сары ала, қара, сұр, ал қызыл, қара көк, сұп-сұр, сап-сары, ақ боз, теңбіл көк, жұп-жуан, ақ сары, ақ.



72

Сәтемір хан

Әңгімені түсініп оқы.


Сәтемір жеті жасар күнінде атасынан жетім қалыпты. Күндердің бір күні Сәтемір далада ойнап жүріп, шаршаған соң сүйеніп, жан-жанға қарап отырса, бір аяғы асқақ құмырсқа тамның төбесіне қарай өрмелеп барады да, орта шеніне барғанда құлап түседі, тұра салып тағы да өрмелейді, маңағыдан гөрі жоғарырақ барғанда тағы құлап түседі. Үшінші рет құмырсқа және тырмасады, ақыры бар күшін салып, қисая-мисая барып, тамның төбесіне шығып кетеді. Мұны көріп Сәтемір ойға талды: жан-жануардың ең кішкентайы осы құмырсқа екен, ол да тынбай істеп жүр, өзі ақсақ, бір тырмасып, екі тырмасып, жығылып, сонда да қоймай, ақырында мұратына жетті, тамның басына шықты. Мұны көріп отырып менің де талап іздемей, жұмыссыз ойнап жүргенім ақылсыздық екен деп ойынын тастап, қалаға барады. Қалада бір зор білімді, оқымысты молда бар екен, соған үй сыпыруға жалданып, ақысына оқу оқыпты-мыс. Ақырында сол Сәтемір асқан данышпан, әлемге әйгілі патша болыпты.



1. Әңгіме не туралы?
2. Сәтемір қандай ойға батты?
3. Сәтемірдің қорытындысын мақұлдайсың ба?



1-тапсырма. Құмырсқа туралы қандай ертегілер білеміз? Құмырсқа туралы не білеміз?





2-тапсырма. Суреттерге зер сал. Суреттердің мазмұнына сәйкес келетін сөйлемдерді ретімен көшіріп жаз. Сын есімдердің астын сыз.



Көлдің жағасында кішкене қайықтар тұр. Оқушылар демалыс үйіне келді. Балалар қайыққа мініп, серуендеп жүр. Демалыс үйі қалың қарағайдың арасына орналасыпты. Жанында үлкен көлі бар.



3-тапсырма. Сурет негізінде сын есімдерді қатыстырып сөйлем құрастыр.



100



73

Еріншек


Өлеңді түсініп оқы.

Еріншектен – салақтық,
 Салақтықтан – надандық.
 Бірінен-бірі туады,
 Жоғалар сүйтіп адамдық.
 Еріншек таза жүре алмас,
 Кірі-қоңын жуа алмас.
 Әрекет жоқ, ғылым жоқ,
 Өз бойынан ұялмас.

Жүрейін десең, тұрғызар,
Төсекке мойын бұрғызар.
«Аналар да жүр ғой», – деп,
Біреуді мысал қылғызар.

Шәкәрім Құдайбердіұлы

1. Өлеңдегі негізгі ойды айт.
2. «Аналар да жүр ғой» деп кім айтады?
3. «Еріншек бала» деп қандай баланы айтамыз? Өз ойыңмен бөліс.


 **1-тапсырма.** Кір қожалақ балаға тазалық заттарын алуға көмектес.



 **2-тапсырма.** Сөйлемді жалғастыр.

Еңбектің пайдасы: тәрбиелейді, жігерлендіреді, күш береді, қуантады, бақытты етеді, өмір сүруге үйретеді, үнемшіл болуға үйретеді, ширатады, шынықтырады.

Еріншектіктің зияны:

 **3-тапсырма.** Шешуіндегі сөзге сын есім қатыстырып сөйлем құрастыр.





Не жақсы?

74

Өлеңді түсініп оқы.

Біріншіден не жақсы?
Биязы мінез, тілалғыш,
Бал-бұл жанып жүретін
Бауырмалдық – сол жақсы.

Алтыншыдан не жақсы?
Ашу деген бәледен,
Алшақ жүріп жанаспай,
Ақылды болсаң – сол жақсы.

Екіншіден не жақсы?
Ерте жатып, мезгілмен
Ерте тұрып, төсекті
Ерінбей жисаң – сол жақсы.

Жетіншіден не жақсы?
Жауқазындай жайрандап,
Жұрт ісіңе қайран қап
Жатса, шіркін, сол жақсы.

Үшіншіден не жақсы?
Үйдің ішін тазалап,
Үстіңе де қарайлап
Үлгіре алсаң – сол жақсы.

Сегізіншіден не жақсы?
Саспай, жастай өнердің
Сүйсең бірін беріліп,
Сан істерден сол жақсы.

Төртіншіден не жақсы?
Тал шыбықтай таңертең,
Тартылып кеп ойнасаң,
Тамаша әдет – сол жақсы.

Тоғызыншыдан не жақсы?
Тәтті досқа сөз беріп,
Танып жүрмей артынан
Табанды болсаң – сол жақсы.

Бесіншіден не жақсы?
Былдырламай көбірек,
Байыпты да байқағыш
Бала болсаң – сол жақсы.

Оныншыдан не жақсы?
Ойлап істеп ісіңді,
Озып шықсаң ортадан,
Бәрінен де сол жақсы

Сейфолла Оспан

102



1. Өлең не туралы?
2. Өлеңнің әрбір шумағындағы не жақсы екенін айт?




1-тапсырма. Кестені толтыр.

Адамға тән қасиеттер	
Жақсы	Жаман
адалдық,	мақтаншақтық,



2-тапсырма. Төмендегі сын есімдерді қатыстырып сөйлем құрастыр.



75

Жалқау бала

Өлеңді түсініп оқы.

Жалқау бала жалтақтап,
Сабақтан қашар жан сақтап,
Ешкім оған разы боп,
Көрмес жақсы, жұрт мақтап.

Сабаққа мойын бұрмайды,
Кітаппен кеңес құрмайды.
Мектепке ерте баруға,
Ұйқысынан тұрмайды.

Тұрса орнынан ырғалып,
Киінбей жылдам, жырғалып,
Оқиыншы мен де деп,
Тырыспайды тырбанып.

Шайы тұрар кеседе,
Тоймас, қанша жесе де,
Құлағына сөз кірмес,
Сабаққа бар десе де.

Жумайды және бет-қолын,
Сөйлемейді сөз жөнін.
Киімін тастар әр жерге,

Кез келсе де қай орын.
Күні бойы алысып,
Шаналарға жабысып,
Қайдағы бұзық баламен

Көшелерде табысып,
Ойынды тұрар ұнатып,
Бір отырып, бір жатып.
Жақын жүрген кісіге

Құм шашады, тас атып.
Сақтан, ғазиз балалар,
Сондай бала болудан.
Тырыса көр сабаққа

Білсең, көңіл болар жай.
Жаман бала атанып,
Бола көрме осындай.
Сабақ, білсең қуанып,

Риза болар ата-ана.
Бала күннен мақтау ал,
Айтар сөзім сол ғана!

1. Өлең не жайлы?
 2. Өлеңдегі жалқау балаға мінездеме бер?
 3. Өлеңдегі жалқау балаға қандай ақыл-кеңес берер едің?

1-тапсырма. Сурет негізінде сөйлем құрастыр. Жалқау бала қайдан шығады?



2-тапсырма. Берілген дара сын есімге қатысты бірнеше зат есім тауып жаз.

Үлгі: әдемі үй, әдемі қала, әдемі көйлек,...



104



Ғылым таппай мақтанба

76

Өлеңді түсініп оқы.

Ғылым таппай мақтанба,
 Орын таппай баптанба,
 Құмарланып шаттанба,
 Ойнап босқа күлуге.
 Бес нәрседен қашық бол,
 Бес нәрсеге асық бол,
 Адам болам десеңіз.
 Тілеуің, өмірің алдыңда,
 Оған қайғы жесеңіз.
 Өсек, өтірік, мақтаншақ,
 Еріншек, бекер мал шашпақ –
 Бес дұшпаның, білсеңіз.



Талап, еңбек, терең ой,
 Қанағат, рақым, ойлап қой –
 Бес асыл іс, көнсеңіз.

Абай Құнанбаев



1-тапсырма. Ойтолғаныс.



Бес нәрседен қашық бол дегенде нені түсінесің?



Бес нәрсеге асық бол деген не?



2-тапсырма. Өлеңді жатқа айт. Сын есімдердің астын сыз. Қай түріне жататынын айт.

Жаман бала өзін-өзі мақтайды,
Жақсы бала ар-ұятын сақтайды.
Тоқылдақтар тоқ-тоқ етіп тоқтайды,
Бұлбұл құстай әсем әуен таппайды.
Кәкімбек Салықов



3-тапсырма. Берілген сөздерден күрделі сын есімдерді тауып жаз.

мөлдір

ұзақ елді

үлкен

жасыл түсті

сары

ақ шашты

биік

ұзын

ұзын шашты

ақ гүлді

105



77

Балаларға насихат

Негізгі және туынды сын есім

Өлеңді түсініп оқы.

Тырысалық, ғазиз жас,
Балалыққа болмай мас,
Оқып сабақ, білсеңіз,
Есімің болар елге паш.

Ойыншы жалқау баладан
 Үйір болмай аулақ қаш!
 Ғылым білген адамдар
 Кедей, мұқтаж, болмайды аш.

Болсын десең ісім оң,
 Шәкірттерден қалма соң.
 Май секілді жұмсақ бол,
 Мұздай қатты болма тоң.

Біл сабақты, жазу жаз,
 Жасыңнан бол өнерпаз.
 Күні бойы жүгіріп,
 Ойнағанға болма мәз.


1. Өлең не жайлы?
 2. Өлеңдегі негізгі ойды айт?
 3. Автор балаларға қандай насихат айтады?
 4. Сен қандай насихат қосқан болар едің?

106

Сын есімдер **негізгі** және **туынды** болып бөлінеді.
 Түбір сөзден болған сын есімді **негізгі сын есім** дейміз. Мысалы, қалың, әдемі.
 Түбір сөзге жұрнақ жалғану арқылы жасалған сын есімдерді **туынды сын есім** дейміз. Мысалы, өнерлі, сулы.



1-тапсырма. Затты берілген белгілері бойынша тап және жаз.



1. ... – сопақ, қызыл.
2. ... – жыртқыш, қу.
3. ... – ашық, жылы.
4. ... – сұр, қорқақ.





2-тапсырма. Берілген негізгі және туынды сын есімдерді салыстырып, олардың ұқсастығы мен айырмашылығын тап.

Жаңа, көк, әдепті, сүтті, атақты, жүйрік, көктемгі, сулы, өнерлі, жасыл, биік, жақсы.

негізгі



туынды



78

Болайықшы осындай

Өлеңді түсініп оқы.

Жақсы бала еңбекшіл,
Ер азамат болады.
Қиындықты жеңіп кеп,
Құшағы гүлге толады.
Таза бала мұнтаздай

Сүйсінеді қараған.
Ұқыпты деп бұл қандай,
Жақсы көрер бар адам.
Еңбекшіл осындай,
Болайықшы досым-ай.
Айымгүл Меңжанова

107



1. Өлең не жайлы?
2. Өлеңдегі балаға мінездеме бер?
3. «Жақсы бала» атану үшін тағы да не істесе болады?



1-тапсырма. Суретке зер сал. Осындай жағдайда бір-біріңе қандай көмек көрсетер едіңдер?





2-тапсырма. Өл-Фарабидің нақыл сөздерін көшіріп жаз. Сын есімдердің астын сыз.

- Даналық – істі ақылға салып, тиянақты атқару деген сөз. Оған білім үйрену арқылы ғана қол жеткізуге болады.
- Парасат – әр адамның кісілік қадірі. Адам басындағы ізгі қасиеттер – парасатты өсіретін қабілет.
- Қайырымды, ізгі ниетті адам еш уақытта өлмейді.



Мен не үйрендім?

79



1-тапсырма. Жаңылтпашты жаңылмай жатқа айт. Сын есімдерді ата.

Жасыл көктем,
Жасыл жіппен,
Жақсы тіккен,
Жібек көрпе жамылдырды,
Жасыл өңге малындырды.

108



2-тапсырма. Дара сын есімдерді күрделі сын есімдерге айналдыр.

Дара сын есімдер	Күрделі сын есімдер
Сары	
Ұзын	
Ақ	
Қызыл	
Жалқау	
Көк	
Жібек	
Қара	



3-тапсырма. Екі бағандағы сын есімдерді салыстыр. Екі сөзден құралған сын есімдерді көшіріп жаз.

Торлы
Ажарлы
Ұзын

торы ала
аса ажарлы
ұзын бойлы



4-тапсырма. Сын есімдерді тап. Оларды сын есімнің негізгі және туынды түрлеріне ажырат.

Аспандағы ақша бұлттар бүгін ерекше әдемі. Біз бір топ бала жидекті тоғайға бет алдық. Сан алуан құстар сайраған тоғай іші өте көңілді.

БАҚША



Мамандығым – мақтанышым (басы)

80

Сан есім Өлеңді түсініп оқы.

Мен инженер боламын,
Жерден алтын табамын.
Жолын қуам әйгілі,
Академик ағаның», –

Деп Арман бір қуанды
Сергек, ұшқыр көңілмен.
Қоштадым да құп алдым
Бұл талабын оның мен.

«Мен ғарышкер боламын,
Жұлдызға ұшып барамын.
Жолын қуам атақты
Тоқтар сынды ағаның», –

Деп Серік бір қуанды
Сергек, ұшқыр көңілмен.
Қоштадым да құп алдым
Бұл талабын оның мен.


«Мен дәрігер боламын,
Үлкеннің де, баланың
Қиналғанда қасына
Бірінші боп барамын», –



Деп ботам бір қуанды
Аппақ, адал көңілмен.
Қоштадым да құп алдым
Бұл талабын оның мен.

«Ал мен ақын боламын,
Сусылдаған қаламым.
Адамдардың жүрегін
Жырмен жаулап аламын», –

Деді Қамбар қуанып
Аңқылдаған көңілмен,
Тұрдым іштей құп алып
Бұл талабын оның мен.

-  1. Өлең не туралы?
2. Өлеңде қатысушыларды ата?
3. Үлкен болғаныңда қайсы мамандықты таңдауың туралы достарыңмен ой бөліс.

110

Заттың санын, ретін білдіретін сөздерді **сан есім** деп атайды. Сан есімдерге **қанша? неше? нешінші?** деген сұрақтар қойылады.
Мысалы: бес, жеті, оныншы.



1-тапсырма. Мұғалімнің көмегімен жалғастыр.

Бұрыннан бар мамандықтар	Жаңадан пайда болған мамандықтар
Мұғалім	Маркетолог
Дәрігер	Дизайнер
Құрылысшы	Бағдарламашы
Инженер	Оператор
Экономист	Брокер



2-тапсырма. Сандарды сөзбен жазып, өлеңді көшіріп жаз.

1 2 3
Ал, кәнеки, ұш!
4 5 6 7
Мынау ауылдың шеті.
8 9 10
Ал, кәнеки, ұш!

Қадыр Мырзалиев



3-тапсырма. Ойлан, тап және сан есімдердің астын сыз.

Бір топ бала тоғаннан
Он бес балық ұстадық.
Бөліскенде оларды
Тиді әркімге үш балық.
Сынайын бір ал сені,
Бала саны қанша еді?

Сұлтан Қалиев



Мамандығым – мақтанышым (жалғасы)

81

Өлеңді түсініп оқы.

Бірің алтын іздесең,
Бірің жазсаң өлеңді,
Жұлдыздардан біреуің
Жолдап жатсаң сәлемді.

Бірің болып дәрігер,
Емдеп жатсаң ауруды,
Құрмет тұтып қалың ел,
Сыйлап жатса бар гүлді.

Бәріміз де жейтұғын,
Ең алдымен нан керек.
Көтеруге ел туын
Қуат керек, әл керек.

Нан беретін баршаға
Жер маманы болам мен.
Барып жүрмін бақшаға
Агроном ағаммен.

Гүл егемін жеріме
Осындай ой бар менде.
Жер жемісін еліме,
Сыйлап өтсем арман не, –

Деді Құрман ойланып,
Мен құп алдым айтқанын.
Ал өзім-ақ қой бағып,
Дайындармын ет жағын.



1. Өлеңде қайсы мамандық атаулары берілген?
2. Өлеңге қатысушы мамандықтар туралы не білесің?



1-тапсырма. Суретке зер сал. Кім дайындаған?



112



2-тапсырма. Ребустарды шеш. Шешуіндегі сөздерді қатыстырып сөйлемдер құрастыр.



”



””



4-тапсырма. Мәтінді көшіріп жаз. Сан есімдердің астын сыз.

Кит – ең ірі жануар. Бұлардың ішінде, әсіресе ең үлкені – көк кит. Жалпы киттің ұзындығы – 33 метр, салмағы 120 тоннадай болады. Кит салмағы жағынан 25 пілге немесе 120-150 өгізге пара-пар келеді.



82

Адамның күні адаммен

Өлеңді түсініп оқы.

Сүт саумаса сауыншы
Аш жатпайма қауыншы?
Киім тікпей тігінші,
Не киеді сиыршы?
Емдемесе дәрігер,

Жадырайма кәрілер?
Үйретпесе тәлімгер,
Не біледі сәбилер?
«Адамның күні адаммен! –
Нақылға сол нанам мен».

Музафар Әлімбаев

1. Өлеңдегі негізгі ойды айт.
2. «Адамның күні адаммен» деген нақыл сөзді қалай түсінесің?



1-тапсырма. Сурет негізінде мәтін құрастыр.




2-тапсырма. Ойлан, тап, жаз. Ол қай сан?

Оңынан оқысаң, ол – сан,
Терісінен оқысаң, ол – сан.



3-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті сан есімдерді тауып жаз.


1. ... ауыз сөздің тобықтай түйіні бар.
2. ... кісінің түсін білгенше, ... кісінің атын біл.
3. ... саусақ бірдей емес.
4. Білекті ... жығады, білімді... жығады.



5. ала болса, ауыздағы кетеді., түгел болса, төбедегі келеді.

**Басты нәрсе өмірде****Есептік және реттік сан есімдер
Өлеңді түсініп оқы.**

Басты нәрсе өмірде,
 Не? – дейтұғын көңілде
 Көптеп жүрген сауалдың
 Іздеді жұрт жауабын
 Шахтёр сөз қып шахтаны,
 Мақтады-ай мақтады:
 – Басты нәрсе кен, – деді,
 Бас маманмын мен, – деді.
 Metallург те құймасын
 Мақтады өзі құйғасын.
 – Алтын, болат, қола да
 Менсіз дайын бола ма?
 Айтты диқан егінді:
 – Асырадым елімді...
 Астық – күнде мол асын,
 Аштық мүлде болмасын.
 Малшы сөзін есіттік:
 – Бағып жүрмін төрт түлік,
 Сол – байлық, – деп мақтанды.
 Ғылым кеуде қақпады.



Бәріде жөн дұрыс қой,
 Бәрі – байлық, ырыс қой.
 Басты нәрсе шынында,
 Оқу менен ғылымда!

114

1. Өлеңде не туралы?
 2. Мамандықтар неге таласты?
 3. Мамандық таңдауда неге мән бересің?

Сан есім мағынасына қарай алтыға бөлінеді.

Қанша? неше? сұрақтарына жауап беретін сан есімдер **есептік сан есім** деп аталады. Мысалы, *бес, алты, жеті*.

Нешінші? сұрағына жауап беретін сан есімдерді **реттік сан есім** деп атайды. Мысалы, *бесінші, алтыншы, жетінші*. Реттік сан есім есептік сан есімге **-ыншы, -інші, -ншы, -нші** жұрнақтары жалғану арқылы жасалады.



1-тапсырма. Жұмбақтардың жауабын тап.

Он жағымда бес сарбаз
Сол жағымда бес сарбаз (...)

42

Жаңылмастан жетеуі
Кезек қызмет етеді. (...)

10 7

Бірін-бірі қоштаған
Бір үйден көрдім
Қырық екі дос жаран. (...)



2-тапсырма. Саны бар атауларды сөзбен жаз.

жел+90
к+3+ік
8+аяқ
7+м
тү+1
1+лік
5+ік
4+бұрыш



3-тапсырма. Берілген есептік сан есімдерден реттік сан есімдер жасап, оларды сөзбен кестеге жаз. 3, 10, 18, 25, 33, 42, 122, 226.

1-есептік сан есім	2- реттік сан есім
үш	үшінші



84

Диқан баба

(Аңыз)

Әңгімені түсініп оқы.

Сонау атам заманда Диқан баба жаңбыр орнына арпа-бидай, қар орнына аппақ ұн жаудырған екен. Сонан соң егін бейне жердің шөбі сияқты жыл сайын өзі өніп-өсіп, мезгілімен пісіп тұратын болыпты. Ол замандағы ел-жұрт «сенікі-менікі» демей, дайын астықты жинап алып, шетінен жей береді екен. «Ашаршылық» дегенді білмепті. Бір жылы егін қалың шығыпты да ауыз тоқ болып, ішуге ауыз, қоярға жер табылмапты. Мұндай молшылықты көтере алмаған адамдар Диқан бабаға астамшылық сөздер айтыпты. Көл-көсір астықты қорлапты.


Мұны естіген Диқан баба үш жыл бойы жер бетіне түйір дән өсірмей тастапты. Ашаршылыққа тап болып, тентіреген жұрт Диқан бабаға жалынып-жалбарынып, кешірім сұрапты. Диқан баба жұрттың білместігін кешіріпті.


Бірақ бұрынғыдай аспаннан арпа-бидай, ақ ұн жаудырмай, оның орнына жазда жаңбыр, қыста қар жаудырыпты.

Сөйтіп Диқан баба:

– Жауын-шашынның суына өздерің егін-егіп, тер-төгіп, керектеріңе жарайтын қоректі алып отырыңдар – депті.

Ашаршылықтың зардабын тартып, ас қадірін білген жұрт маңдай терін төгіп, өз қолымен егін егіп, күндерін көріпті.


-  1. Әңгіме не туралы?
 2. Адамдардың ашаршылыққа тап болуына не себеп болды?
 3. Адамдар қатесін түсінді ме?
 4. Әңгімеден сан есімдерді сұрақ қою арқылы тап?

 **1-тапсырма.** Жұмбақтардың шешімін тап? Сан есімдерді сұрақ қойып анықта.

116

Екеуі қарауыл қарап тұр,
 Төртеуі ұйықтап жатыр.
 Біреуі қамыр басып жатыр. (.....)

Таңертең төрт аяқты,
 Түсте екі аяқты,
 Кешке үш аяқты. (...)

 **2-тапсырма.** Есептік сан есімдерді реттік сан есімге айналдырып жаз.

8	10	25	48	53
65	61	100	99	200
73	78	55	38	96



3-тапсырма. Есептік сан есімді реттік сан есімге айналдырып жаз. Сан есімдерге сұрақ қой. Олардың мағыналық өзгешелігін айтып түсіндір.

төрт қатар – ... қатар
алты орын – ... орын
отыз мектеп – ... мектеп
он сынып – ... сынып



85

Ақылды егінші

Ертегіні түсініп оқы.

Патша нөкерлерімен бірге серуенге шыққанда жер өңдеп жүрген егіншіні кездестіреді. Тырбанып еңбектеніп жатқан қарапайым егінші патшаның көңілінен шығып, онымен сөйлесуге ықыласы ауады. Бірнеше




сауалдан кейін патша егістіктің бұл егіншінікі емес екенін, күніне 15 ділда үшін жалданып еңбек ететінін ұғады. Патша жалақысының аздығына қайран қалады. Себебі, патша сарайының бір күндік шығыны жүздеген алтынға шығатын еді. Шаруа патшаның таң қалғанына қарап:


– Бұл ақша қанағатшыл адамға тіпті көп те болады. Мен ақшамды үшке бөлемін. Бір бөлігімен өмір сүремін. Бір бөлігімен қарызымды өтеймін. Бір бөлігін біріктіріп, қор жинаймын, – дейді. Патша бұл жұмбаққа ұқсаған сөздерден еш нәрсе түсінбейді. Ақкөңіл диқан күлімсіреп: Ақшаның бір бөлігімен қарызымды қайтарамын дегенімде мынаны айтпақшы болдым. Бала кезімде үлкен қамқорлық көрсеткен әкем мен шешем ғой. Ақшамның бір бөлігін соларға беремін. Ақшамды қор ретінде жинаймын дегенім, бұл ақшамның бір бөлігін балаларымның біліміне төлеймін. Менің қолым, аяғым жү-


мыстан қалған жағдайда, олар маған көмектеседі деп үміттенемін. Қалған ақшамды өзімнің мұқтаждарыма жұмсаймын, – дейді.

Патша қарапайым егіншінің бұл әрекетіне риза болады. Намысшыл егіншінің балаларының біліміне төлейтін ақшаны өз мойнына алды. Балалары да ер жеткен соң ата-анасына, халқына да қолдарынан келген көмектерін аямай көрсетіпті деседі.

1. Ертегі не жайлы?
2. Патша егіншіден не сұрады және неге таң қалды?
3. Ертегіге басқа қандай тақырып қойған болар едің?
4. Ертегіден сан есімдерді сұрақ қойып, тап.

 **1-тапсырма.** Сурет негізінде диалог құрастыр. Ертегі мазмұнынан пайдалан.



 **2-тапсырма.** Мақал-мәтелдердегі көп нүктелердің орнына тиісті сан есімдерді қосып жаз.

..... бірі – Қыдыр.жарты – бір бүтін. рет өлшеп, бір рет кес. жақсы қас болмас, жаман дос болмас. Ер кезегі дейін.сомың болғанша, досың болсын. тентек елге симас

 **3-тапсырма.** Сәйкестендір және көркем жаз.

7	12	доп	ғасыр
3	1	апта	жыл
9	8	күн	ай



86

Қайдан келдің, бауырсақ?

Жинақтық сан есім Өлеңді түсініп оқы.

Дастарқанда шашылып,
Жатты аппақ бауырсақ.

Бауырсаққа қызығып,
Қарап тұрып көзін сап:

– Қайдан келдің, бауырсақ? –

Деп сұрады қуыршақ.

– Дүкеннен келдім нан сатқан, –

Деді оған бауырсақ.

– Дүкеннен келдің қай жақтан?

– Наубайдан келдім нан жапқан.

– Наубайға келдің қай жақтан?

– Диірменнен келдім ұн тартқан.

– Диірменге келдің қай жақтан?

– Даладан келдім кең жатқан.

Жер ана мені көсілген,

Диқандар мені өсірген.

Арғы тегім ақ бидай,

Жепкөр көзің бақшимай.

Жесең өзің байқарсың,

Рақметіңді айтарсың.

Өтебай Тұрманжанов



1. Өлеңге қатысушыларды ата?

2. Өлеңнен негізгі ойды айт.

3. Өлеңнің мазмұнын әңгімеге айналдырып айт.

Жинақтық сан есім – заттың жинақталған санын білдіріп нешеу? деген сұраққа жауап береді. Жинақтық сан есімдер бірден жетіге дейінгі есептік сан есімдерге **-ау (-еу)** жұрнақтарын қосылуы арқылы жасалады. Мысалы: **төрт+еу, алты+ау.**



1-тапсырма. Мақалдарды оқы.

Нан астығын жинаймын,

Елге астық сыйлаймын.

Нан – тамақтың атасы,

Ынтымақ – көптің батасы.

Ас атасы – нан.




2-тапсырма. Сандарды сөзбен жаз.

1 ит көріп үреді,
2 ит еріп үреді.

1 тойып секіреді,
1 тоңып секіреді.



3-тапсырма. Берілген сан есімдерден жинақтық сан есімдерін тауып жаз.



120



Астық – жеміс жиылды

87

Өлеңді түсініп оқы.

Күнге ғашық күрішпін,
Күллі жұртқа ырыспын.
Аңқам кеуіп тұрған соң,
Ала жаздай су іштім.
Жетті желмен алтын күз,
Жеміс жинау салтымыз.
Жиып – теріп болған соң,
Той жасайды халқымыз,
Елге бәрін сыйлайды.
Астық – жеміс жиылды.
Қамбамызға құйылды.
Ардақты күз – мың алғыс.
Алдық өнім сыйынды.



1. Өлең не жайлы?
2. Өлеңде қай мезгілдер суреттелген?
3. Күз мезгілінде қандай өзгерістер болады?



1-тапсырма. Суретке зер сал. Күріштен тағы қандай тағамдар жасалады?



2-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып жаз.

Біреу ... жолдас,

жаныңа

малыңа

Біреу ... жолдас.

Біреу ... секіреді,

тоңып

тойып

Біреу ... секіреді.

121



3-тапсырма. Кестені толтыр.

Сандар	Есептік сан есім	Реттік сан есім	Жинақтық сан есім
1	бір	бірінші	біреу
3			
6			



Егінші мен қасқыр

88

Ертегі Ертегіні түсініп оқы.

Бір қасқыр тамақ іздеп келе жатып, құрулы тұрған қақпанға түсіп қалады. Олай жұлқынып, бұлай жұлқынып, зорға құтылады. Қашып бара жатқан қасқырды аңшылар көріп, артынан қуа жөнеледі. Қасқыр сасқалақтап бір егіншіге келіп жайын айтады: «Қайтсең де мені жасыр, ұмытпаспын жақсылығыңды, мені қабыңа салып, арқалап жүре бер», – дейді.

Қасқыр жылап тұрған соң, егінші адам қабына салып алып, арқалап жүре береді. Кешікпей аңшылар мылтық, қылышын жарқылдатып жетіп келеді.

Кісіден сұрайды:

– Қашып бара жатқан қасқыр көрмедің бе?, – деп.

Кісі:

– Жаңа бір қасқыр анау шоқайдан қашып өтті, тезірек ұмтылыңдар, – дейді. Аңшылар асып кеткеннен кейін, егінші қаптың аузын шешіп, қасқырға:

– «Жөніңе жүре бер, маған да бір жақсылық етерсің», – дейді. Қасқыр қуанып секіріп шығып, егіншіге:

– «Мен сені жеймін, қарным ашты», – деп тап береді.

Егінші байғұс сасқалақтап:

– Ай, қасқыр, бұның қалай, мен сені өлімнен құтқарып алып қалып едім, жақсылыққа жамандық ете ме екен, олай болса төрелетейік, қайсымыздікі жөн екен, – дейді.

Екеуі керісіп тұрғанда қаңғырып бір жағынан түлкі келеді. Бұлар түлкіге оқиғаны бастан-аяқ айтып шығады. Түлкі:

– Жоқ сөзді айтпаңыздар, менен басқа біреу естісе күліп жүрер, дорбаға үлкен қасқыр сыйды дегенге нанбаймын, барып тұрған өтірік, – дейді.

Қасқыр мен кісі «бұл рас» дейді. Түлкі қасқырға:

– Қапқа кірмей сенбеймін, – дейді. Қасқыр сендірмекші

боп қапқа кіргенде, түлкі егіншіге:

– «Байла қаптың аузын, енді қимылдайтын кезің келді, қане мен көрейін, күздігүні егінді қалай соғып жүрсің?» – дейді.

Егінші құралын алып, қасқырды ұра бастайды.

Түлкі:

– Енді қаптың аузын аш, – дейді.



Қасекең алды-артына қарамастан шыға жөнеледі. Артынан түлкі:


– «Көптен бері істемеген бір әділ төрем еді», – деп сақ-сақ күліпті.

Сөйтіп, егінші байғұс түлкінің айласымен ажалдан құтылыпты.

- 1. Ертегіге қатысушыларды ата?
- 2. Ертегідегі негізгі ойды анықта?
- 3. Қасқыр мен түлкі қандай аң?
- 4. Ертегінің мазмұнына сәйкес қандай мақал білесің?

 **1-тапсырма.** Жұмбақтың шешуін тап.

Болғанда басы біреу, көпті тісі,
Сабақтап есіп қойған өткір ұшы.
Ертеден шөп жесе де бір тоймайды,
Томпайып көрер көзге шықпайды іші.

 **2-тапсырма.** Ертегідегі жинақтық сан есім қатысқан сөйлемдерді көшіріп жаз.

123



Нөл, бір, екі үш деймін

89

Өлеңді түсініп оқы.

Нөл, бір, екі үш деймін,
Бұл керемет іс деймін.
Сабағымды дайындап,
Бақта біраз істеймін.
Нөл, бір, екі үш деймін,
Бұл керемет іс деймін.
Ыстық нанды жеп алып,
Мұздай суды ішпеймін.
Нөл, бір, екі үш деймін,
Бұл керемет іс деймін.
Сиырымды суарып,
Күшігімді іздеймін.

0
1
2
3

Нөл, бір, екі үш деймін
Бұл керемет іс деймін.
Көршім итін алмаса,
Өрігінен түспеймін!...

Мекембай Омарұлы

- ?** 1 Санамақта қай сан есім түрі қатысқан?
 2. Санамақтағы балаға мінездеме бер?
 3. Өзің білген санамақты айт.

1-тапсырма. Берілген есептік сан есімдерді жинақтық сан есімдерге айналдырып жаз.



2-тапсырма. Сан есімнің мағыналық түрлерін берілген сөйлемдермен сәйкестендіріп жаз.

Реттік сан есім	Біз үш қабатты жаңа мектепте оқимыз.
Есептік сан есім	Сендер алтаусындар.
Жинақтық сан есім	Біз үшінші қабатта тұрамыз.



Мен не үйрендім?

90

Мәтінді оқып, сан есімдерге сұрақ қой.

- Орал құс өсіру фабрикасына 371 мың балапан, соның ішінде, 190 мың тауық, 20 мың бройлер, бес мың күркетауық, 67000 үйрек, 87 мыңдай қаз балапандары жаңадан алынды.
- Арал теңізі Каспийдің шығыс жағына орналасқан. Көлемі жағынан дүниежүзінде төртінші орын алады. Тереңдігі жиырма бес метрден аспайды.
- Халықтық мерекелер – 8 наурыз – Халықаралық әйел-қыздар күні, 1 қыркүйек – Тәуелсіздік күні, 1 қазан – Оқытушы және тәлімгерлер күні, 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні.



1-тапсырма. Төмендегі сандарды сөзбен жазып, оларды есептік, реттік сан есімдерге ажырат.

4, 8, 18, 5, 32, 65, 56, 45, 14, 612, 325, 91, 187, 124, 3, 2, 87, 9, 2021.

Есептік сан есім	Реттік сан есім
төрт	төртінші



2-тапсырма. Жұмбақтардың шешуін тап.

Үш көзі бар қаз-қатар,
Кезек-кезек ашады.
Үшеуінен байқасаң,
Үш түсті нұр шашады. (....)

Мына алты ақ алма,
Нұрбибі мен Ажарға.
Үш сарысы – Анарға.
Төрт қызылы – Жанарға.
Қанша сонда бар алма? (...)

Тал басында тізіліп,
Он жапырақ тұр еді.
Жел соқтыда үзіліп,
Ұшып кетті беруі.
Ізінше оның жұлынып,
Түсті тағы бесеуі,
Тұр әлі де ілініп,
Жапырақтың нешеуі. (....)



3-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға жауап жаз.

1. Бір жылда неше ай бар?
2. Бір айда неше апта бар?
3. Бір аптада неше күн бар?
4. Бір тәулікте неше сағат бар?
5. Бір сағатта неше минут бар?
6. Бір минутта неше секунд бар?

V ТАРАУ. ЖАС ҮНЕМДЕУШІ

ҚОРДАҒЫ АҚШАЛАРЫМ



91


Ақша туралы менің ойым!

Болжалдық сан есім
Суретке зер сал және сұрақтарға жауап бер.

Ақшаға не сатып алу мүмкін?



Ақшаға нені сатып алуға болмайды?



Заттың санын дәл білдірмей, шамамен болжалдап көрсетіп, **қанша? неше? қай шамалы? қаншадай?** деген сұрақтарға жауап беретін сан есімдер **болжалдық сан есімдер** деп аталады.



1-тапсырма. Жұмбақтың шешуін тап.

Дүние аты мәшһүр болған қымбат,
Ықшамды әдемілік, сонда сымбат.
Мақсатың көңіліндегі табылады,
Адамға ықыласпен қызмет қылмақ. (...)



2-тапсырма. Көркем жаз. Болжалдық сан есімдердің астын сыз.



127



3-тапсырма. Кестені толтыр.

Сатып алу мүмкін	Сатып алу мүмкін емес



Ақша

92

Диалог бойынша өзара сөйлесіңдер.

- Қағаз ақшалар қашан пайда болған?
- Өте ертеде Қытайда пайда болған?
- Алғашқы металл тиындар қайда пайда болған?

– Греция және Кіші Азияда күмістен соғылған. Бертін келе мықты болу үшін алтын, күміс сияқты асыл металдарға мыс қосқан металл ақшалар шығарыла бастаған.

– Ал Өзбекстанда металл ақша қайдан табылған?

– Бұхара, Самарқант, Хиуа қалаларында. Орта ғасырларда көне қалаларда жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде табылған.

– Өзбекстан Республикасының ұлттық валютасы не деп аталады?

– Сом.

– Ұлттық валюта – сом қашан қабылданды?

– Өзбекстан Республикасының ұлттық ақшасы 1994 жылы 1 шілде де қабылданды.



1-тапсырма. Суреттерге зер сал. Өз пікіріңмен бөліс.



128



2-тапсырма. Берілген есептік сан есімдерді болжалдық сан есімге айналдыр. Осы сан есімдерді қолданып, сөйлем құра.

2, 4, 8, 12, 20, 28, 30

Үлгі: Екілерде – Оның жасы екілерде.



3-тапсырма. Суретте берілген сандарды болжалдық сан есімге айналдырып жаз.





Қосымша ақша туралы келіскен жоқпыз

(ел аузынан)

Әңгімені түсініп оқы.

Бір күні Алдаркөсе бай саудагердің дүкеніне кіріп, ондағы әдемі шалбарларға көзі түсе кетеді. Сатушыдан сұрап алып көреді. Шалбарды кері қайтарғысы келмей қалады. Алдаркөсеге жарасып-ақ тұр екен. Бірақ қалтада дым ақша жоқ. Алдаркөсе ілулі тұрған көйлекті көреді. Ол да ауадай қажет еді. Ол шалбарды беріп, көйлекті сұрап алады. Киіп көрсе, шапшақ. Алдаркөсе жымыып есікке қарай беттейді.

– Алдаркөсе, – дейді сатушы дауыстап, – сен көйлекке ақша төлеген жоқсың ғой?

– Мен көйлектің орнына шалбарды бердім ғой, осы ауыс-түйісте ақша туралы айтып керегі не? Қосымша ақша туралы келіскен жоқпыз ғой, – депті сонда Алдаркөсе.



1. Әңгімеге қатысушыларды ата?
2. Алдаркөсе кім? Оның істеген ісі дұрыс па?
3. Дүкеннен зат сатып алу қажет болса ол үшін не керек?



1-тапсырма. Топпен жұмыс. Біз күнделікті өмірімізде ақшамен қатынаста боламыз. Өзімізге қажетті зат сатып алатын болсақ неге көңіл бөлу қажет?





2-тапсырма. Болжалдық сан есімге қатысты бірнеше зат есім тауып жаз.

Үш-төрт  Елу-алпыс 



Ақшаны пайдаға жарату

94

Мәтінді түсініп оқы.

Мен әлі мектепте оқимын. Әзірше жұмыс істемеймін, тұрақты табысым жоқ. Маған керекті ақшаны ата-анам береді. Ал менің міндетім – сабақ оқу. Бірақ кейде ұсақ-түйек жұмыстар орындаймын. Сөйтіп, күнделікті ата-анам беретін қалта шығынымды толтырып отырамын. Мен Герберт Ньютон Кэссонның «Ақшаны жұмсаудың 12 ережесі немесе қалай пайда табуға болады» кітабымен танысқаннан кейін ақшаны үнемдеп ұстайтын болдым. Кез келген нәрсеге шаша бермеймін. Көбінесе түскі ас кезіндегі тамаққа, оқуға қажетті құрал-жабдыққа жұмсаймын. Сатып алған заттарымның түбіртегін сақтап қоямын. Айдың аяғында кеткен шығынды есептеймін. Бірақ кейде достарыммен қыдыруға да ақша қалдырып отырамын. Егер өзімге қажетсіз зат болса, бас тартамын. Өйткені ол мен үшін маңызсыз. Сондықтан пайдалы әрі керек заттарды сатып алуға тырысамын.

130



1. Саған керекті ақшаны кім береді? Сен оны қалай жұмсайсың?
2. Ақшаны үнемдеп жұмсау дегенде нені түсінесің?
3. Кеткен шығынды сен қалай есептейсің?



1-тапсырма. Мақалдарды оқы. Мәтін мазмұнына сәйкес келетінін айт.

1. Адам болам десең, арыңды ақшаға сатпа.
2. Қасықтап жинағанды, шөміштеп төкпе.
3. Ақша кетуге тырысады,
Есеп ұстауға тырысады.
4. Теңге – тиыннан өсер, ынтымақ – ұйымнан.



2-тапсырма. Мақалдағы сандарды сөзбен жаз.

100 сомың болғанша,
100 досың болсын.

100 ден жүйрік,
1000 нан тұлпар шығады.



95

Ақшаны қайдан аламыз?

Мәтінді түсініп оқы.

Бірде Айдана әкесіне:

– Әке, ақшаны қайдан аласыз? – деп сұрақ берді.

Әкесі:

– Ақшаны маған мемлекет істеген жұмысым есесіне береді.

Айдана:

– Кеше сізге ақшаны банкомат бермеді ме?

– Ия қызым менің істеген жалақым пластикалық карта-ларға түседі, пластикалық картадағы ақша арқылы сауда жасауға да болады. Қағаз ақшалар қажет болып тұрған жағдайда, банкоматтан пластик картадағы ақшаларды қағаз ақшаға айырбастауға болады.

Айдана:

– Әке пластикалық карта деген не ол?

– Пластикалық карта бұл – электрон төлем жүйесі. Пластикалық картадағы ақшаны ешкім, оның иесісіз жұмсай алмайды.

Жалақы, пенсия, балаларға төленетін ақша, жәрдем ақы алу үшін адамдар банкке барып жүрмейді, үйінде отырып та алуға болады. Қажет болса қаладағы ағаңа да осы карта арқылы ақша жіберіп тұрмын.

– Әке мағанда пластикалық карта ашып беріңізші?



131

– Сен алдымен мектепти жақсы бағаға бітір, сосын мамандық таңда, оқы, өзің ұнатқан маман иесі болып жұмыс жасасаң сенің де пластикалық картаң болады.

– Жарайды, менің пластикалық карта болу үшін, әлі көп жылдар керек екен-ау!



1. Мәтін не туралы?
2. Пластикалық карта дегеніміз не?
3. Сенің отбасы мүшелерінің пластикалық карталары бар ма?



1-тапсырма. Суреттерге зер сал. Мәтін көмегінде олардың жетістіктері мен айырмашылықтарын айт.



2-тапсырма. Мәтіннен пайдаланып «Электронды ақшалар» тақырыбында бес сөйлем жаз. Сөйлемдерде сан есімдерден пайдалан.

132



3-тапсырма. Төменде берілген сөздерден пайдаланып сөйлем құрастыр.

шамамен

жуық

артық



Шығындарды қысқартайық!

96

Мәтінді түсініп оқы.

Егер біле білсең ата-анаңның тапқан ақшасының бір бөлігі коммунал төлемдерге сарыпталады. Кейде қарызға да батып отырады. Біз күнделікті өмірімізде электр энергиясынан, су және табиғи газдан пайдаланамыз. Дегенмен біз ата-анамызға көмектесе алуымыз мүмкін. Бұл үшін электр энергиясын, ішімдік суды, табиғи газдан қалай тиімді пайдалану жобасын істеп шығу керек.

◀ Суретке зер сал. Әрбір сурет негізінде өз ойыңмен бөліс.

- ◀ Ақшадан тыс нені үнемдедік?
- ◀ Кейінгі ұрпаққа не қалдырамыз?
- ◀ Күнделікті қолданыстағы табиғи байлықтардан тыс оның тағы қандай түрлерін білесің?



1-тапсырма. «Тиімді пайдалану жолдары!» тақырыбына ұсыныстарыңды жаз.

Электр энергиясынан тиімді пайдалану бойынша менің ұсыныстарым	Табиғи газдан тиімді пайдалану бойынша менің ұсыныстарым	Ішімдік суынан тиімді пайдалану бойынша менің ұсыныстарым



2-тапсырма. Көркем жаз. Мақалдардың мазмұнын түсіндір.

Телміріп алған теңгеден,
Тер төгіп тапқан теңге жұғымды.

Есепсіз дүние жоқ

Ақшаның келуі қиын, кетуі оңай.



Ақша туралы ойлар

97

Топтық сан есімдер

Нақыл сөздерді түсініп оқы. Топта талқыла.

Ақшалай бай адаммен емес,
ақылға бай адаммен достас.

Ақшасы жоқ адам кедей емес,
арманы жоқ адам кедей.

Көпшілік ақша табу үшін
денсаулықтарына мән бермей-
ді, сосын тапқандарын денсау-
лығын емдеуге шығынданады.

Ақшамен дос сатып ала ал-
майсың, бірақ өте қызықты
таныстықтар кездестіруге бо-
лады.

Ақша – биліктің бір түрі, бірақ
қаржы сауаты одан да құдіретті
күш.

Ақшаң көбейген сайын
шексіз таныстарда көбейеді,
байланыстырып тұрған тек
қана ақша.

134

Топтау сан есімдер заттың санын жекелеп емес, топтап көрсетеді де, **нешеден? қаншадан?** деген сұрақтарға жауап береді.
Мысалы: *екіден, жүзден, қырық-елуден, он-оннан, бес-алтыдан, үшеу-үшеуден.*



1-тапсырма. Көркем жаз. Топтық сан есімдердің астын сыз.

Қызықты той тойладық ретімен,
Көп болды ілгеніміз бұл жетіден.
Айлы кеш алтыбақан аясында,
Ән салдық тербетіліп екі-екіден.



2-тапсырма. Есептік сан есімдерді топтық сан есімге айналдырып жаз.

алты	бес	он	жүз	сексен	тоғыз
үш	қырық	он бір	үш жүз	он екі	жеті
мың	төрт	оттыз	жетпіс	мың	екі

ЖЕТИ ҚАЗЫНА



Барлық әлемге тән жеті қазына

98

Мәтінді түсініп оқы.

Жеті қазына әр ұлттың тыныс-тіршілігі мен салт-дәстүріне байланысты әрқилы болып келеді. Ал барша әлемге тән өзіндік «жеті қазына» бар.

Олар:

Біріншісі – аспан. Барша адамдарға ортақ шегі жоқ қорғаныс, жұлдыздар мен планетелардың құтты мекені.

Екіншісі – күн. Күн барша тіршіліктің қайнар көзі. Жер бетіндегі адамдар мен жан-жануарлар, өсімдіктер мен құрт-құмырсқалар барлығы күннің нұрлы сәулесі арқылы күш-қуат алады.

Үшіншісі – ай. Қараңғы түнді жарқыратып, түнгі әлемге сәуле таратушы нұр.

Төртінші – жер. Барша тіршіліктің мекендейтін құтты мекені, Анасы.

Бесінші – су. Су – тіршіліктің мөлдір көзі. Барша тіршілік судан нәр алып, өсіп-өнеді.

Алтыншы – от. От бар жерде өмір бар. Адамдарға суықта қорған болатын, жарық беруші жаратылыс.

Жетінші – ит. Ит адамзаттың жердегі алғашқы серігі, сенімді досы.

135



1. Барлық әлемге тән жеті қазынаны ата.
2. Қазақ халқына тән жеті қазынаны айт.
3. Не үшін итті жеті қазынаның бірі деп атайды?



1-тапсырма. Суретті диктант.





2-тапсырма. Берілген сан есімдерден топтық сан есімдерді тап. Сөйлем құрастыр.

сегізден

алтау

жетінші

алтыдан

тоқсан

он-оннан

жетеу

екі жүзден



Білген артық болмайды

99

Бөлшектік сан есім Өлеңді жатқа айт.

Біріншісі ер жігіт
Ел мен жерін қорғайды.
Екіншісі сұлу қыз,
Әсем гүлдей толғайды.
Ілім-білім үшінші,
Білген артық болмайды.
Төртіншісі жүйрік ат,
Ер қанатын қолдайды.
Қыран бүркіт бесінші,
Көк аспанды самғайды.
Құмай тазы алтыншы,
Жеткен жерін жаулайды.
Берен мылтық жетінші,
Жеткен жерін жалмайды.
Жаттап алған әр бала,
Қатарынан қалмайды.



136



1. Өлеңдегі негізгі ойды анықта.
2. Өлеңде сан есімдерге сұрақ қой. Сан есімнің қай түрі екенін айт.

Бөлшектік сан есімдер заттың бөлшектік санын білдіреді. **Қанша? Неше? Қаншадай? Нешеге жуық?** деген сұрақтарға жауап береді. **Мысалы:** екіден бір ($1/2$), үштен бір ($1/3$), оннан екі ($2/10$). Сол сияқты бөлшектік сан есімдер есептік сан есімге жарты, жарым, ширек сөздердің тіркесінен де жасалады. **Мысалы:** екі жарым, үш ширек.



1-тапсырма. Сурет негізінде мақалдар айт.

1



2



3



2-тапсырма. Берілген сандарды сөзбен жаз. Сөйлем құрастыр.

1/6

3/5

5/7

2/7

2/3



Жеті қазына

100

Мәтінді түсініп оқы.

Ер жігіт – елімізді, жерімізді қорғайтын ер азамат. Ердің қанаты – ат, ит – үйдің құлағы, тамағы мен «асыраушы» – бүркіт, қорғанар қаруы – мылтық.

Сұлу әйел – шаңырақтың құты, ердің жары, балалардың анасы. Әйел – тіршілік иесі, адам өмірінің жалғастырушысы деп қастерлеген. Қалай дегенмен әйел үйдің құт-берекесі.

Ақыл-білім – кімге де болса қажетті ілім-білім. Адамның ақылы, ой-санасы хайуанаттар дүниесінен бөлініп ерекшеленеді.

Жүйрік ат – адамзат баласын барамын деген жеріне жеткізеді.

Берен мылтық – ер жігіттің ажырамас серігі. Ерте кезде қаруда батырдың жаны болады деген сенім болған. Батырдың қаруын ешқашан қадірсіз іске жұмсамаған.

Қыран бүркіт – ер жігіттің қуаты. Аң-құс аулауда, құс салу әдістерін қолданған. Қыран құстарды асырап, баптап, аң-құсқа салу «саятшылық» деп атаған.

Құмай тазы – адамның досы. Ит – адамның сенімді серігі, қорғаушысы, күзетшісі.



1-тапсырма. Жеті қасиетті санына байланысты мақалдар айт.

Үлгі: Жеті атасын білмеген жетесіз.



2-тапсырма. Төле би айтқан даналық сөздерін көшіріп жаз.

Тыңдамаған сөз жетім,
Киюсіз тозған бөз жетім.
Иесіз қалған жер жетім.
Басшысы жоқ ел жетім.
Аққу, қазсыз көл жетім.
Жерінен айырылған ер жетім.
Замандасы қалмаса –
Бәрінен де сол жетім.



101

Кітап мәңгілік қазына

Мәтінді түсініп оқы.

Кітап шығару – қызығы да мол, қиындығы да көп дүние екен. Адам өз басына түспей біле бермейді ғой. Газет шығаруға машықпыз деп айтқанымызбен кітап газет болмай шықты. Оның өз құпиясы, ерекшелігі, сыры бар. Өкінішке орай осы сырға шет жағалап болса да бізді еш жерде ешкім үйретпепті. Қарап отырсам, бұл өнердің төресі екен.



**Кəкімжан
Қазыбаев**

Мына қарапайым жайға ғана үңілейікші, кітапқа кім қызыққанды, кімнің алғысы келмейді? Ал сол жұрт құмар дүниені қалай әдемі, мазмұнды етіп шығару керек? Қызығатынымыз оның кітаптығы болмаса керек, етер әсері, берер білімі болса керек. Осы тұста мына бір ғажайып сөздер есіме түскені «Кітап оқу мен үшін ғажайып саяхат, асқан ләззат, таптырмас демалыс, теңдесі жоқ университет. Мен кітапқа үйір емес, кітапты ұдайы оқымайтын адамдарды қатты аяймын. Адамның өзі үшін одан өткен қастандық жоқ. Кітапты сүймеу ақыл-ойыңды, жаныңды жүдету, оны аштыққа ұшырату деген сөз».



1. Мәтін не туралы?
2. Үйіндегі кітап сөресінде қандай кітаптар бар?
3. Сен қандай кітап оқуды ұнатасың?



1-тапсырма. Топпен жұмыс. Өз ойыңды ортаға сал.



Кітап оқу жадыны және ойлауды дамытады.



Кітап оқу адамдармен қарым қатынас жасауға көмектеседі және әдемі сөйлеу дағдыларын дамытады.

Кітап оқу қиялдау және шығармашылық қабілеттерді дамытады.

Кітап оқу сөздік қорды байытады және жалпы сауаттылық деңгейін арттырады.



Кітап оқу талдауға, сарапқа салуға үйретеді.

Кітап оқу қоршаған ортаны, әлемді және өзін тануға көмектеседі.

Кітап оқу мектептегі және ересек өмірдегі табыстылықтың негізі.



2-тапсырма. Көркем жаз. Кім қанша бет кітап оқыды? Бөлшектік сан есімдердің астын сыз.

Кітап алпыс бет. Марат кітаптың екіден бір бөлігін үш күнде оқыды. Айжан ертектің төрттен екі бөлігін оқып шықты. Гүлдана әңгіменің үштен бір бөлігін оқыды. Жандос аңыздың алтыдан төрт бөлігін оқып шықты. Барлық кітаптардың беті бірдей.

139



Ана

102

Өлеңді түсініп оқы.

Шуақты күнді көп көрген,
Жүрегі терең көк көлден.
Перзенті үшін шырылдап,
Түн ұйқысын төрт бөлген
Анадан артық жан бар ма?
«Арайлы таңың атты», – деп,
Жүректен айтар ақ тілек.
Күлімдеп саған, қашанда
Тұратын бақыт, бақ тілеп,
Анадан артық жан бар ма?



Мекембай Омарұлы



1-тапсырма. Сәйкестендір.

7	құмалақ
9	арсыз
3	қазына



2-тапсырма. Жалғастыр.

Анама құттықтау.

Өз бақытын, қуанышын өзі өмірге әкелген перзенттерінің қылығынан, қызығынан іздейтін аяулы Анам менің!



3-тапсырма. Көркем жаз. Сан есімдердің астын сыз.

Адам бойындағы ең бір жағымсыз қылық – еріншектік, ондай адамның іске мойны жар бермейді. Осыған байланысты Абай атамыз отыз сегізінші қара сөзінде: «Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек. Әуелі – надандық, екінші – еріншектік, үшінші – залымдық» – деген екен.

140



103

Ит – жақсы дос

Әңгімені түсініп оқы.

Бір баланың иті болыпты. Баланың аты – Талғат, итінің аты Ақтөс екен. Талғат балаларға: «Ақтөстің пайдасы жоқ», – депті. Балалар күліп: «Біздің итіміз жақсы. Үйді күзетеді, пайдалы», – дейді.

Бірде Талғат орман ішімен келе жатып бір қасқырды көріп, қорыққаннан айқайлап жібереді. Оны Ақтөс естіп, жүгіріп келеді. Ақтөстің аф-аф деп үргенінен қасқы қаша жөнеледі. Талғат оның көмектескеніне риза болады. Содан кейін Талғат Ақтөспен жақсы дос болып кетіпті.

«Жыл он екі ай» журналынан



1. Мәтіннің тақырыбына назар аудар. Ол негізгі ойдың қысқаша атауы екенін дәлелде.



1-тапсырма. Тыңдалған мәтіндегі ақпараттың дұрыс-бұрысын анықта.

- ◀ Ақтөстің пайдасы бар.
- ◀ Ит үйді күзетпейді, пайдасыз.
- ◀ Ақтөс Талғатқа көмектеспеді.
- ◀ Талғат оған қатты ренжіді.
- ◀ Ит пен адам дос бола алмайды.



2-тапсырма. Көркем жаз. Сан есімнің қай түріне жататынын айт.

Жеті атасын білген ұл
Жеті жұрттың қамын жер.
Өзін ғана білген ұл
Құлағы мен жағын жер.

Бірінші байлық – денсаулық,
Екінші байлық – ақ жаулық,
Үшінші байлық – он саулық.

Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар.




Мен не үйрендім?

141

104



1-тапсырма. Суретке қара. Сан есімдерді қатыстырып мәтін құрастыр. Мәтінге ат қой.





2-тапсырма. Кестені толтыр.

Сандар	Есептік сан есім	Реттік сан есім	Жинақтық сан есім	Болжалдық сан есім	Топтық сан есім	Бөлшектік сан есім
7						
6						
5						
4						
3						
2						
1						
9						
15						



3-тапсырма. Берілген топтау сан есімдерін зат есімдермен тіркестіріп жаз.

Топтау сан есімі	Зат есім	Тіркестіріп жазу
жүзден	ұпай	жүзден ұпай жинау
он-оннан		
жиырма бестен		
жетеуден		
бес-алтыдан		
сексеннен		

142



4-тапсырма. Топтық тапсырма.

I топ.

Егер әлемде заттардың реттік қатары сақталмаса не болар еді?

II топ.

Сандардың ретімен орналасуы, адамзатқа қандай пайдасын тигізді?

III топ.

Сан есім сақталмаса да реттік сақталатын, құралдар, құбылыстар, іс-әрекеттерді ата.

O'quv nashri

ONA TILI VA O'QISH SAVODXONLIGI

1-qism

*Umumiy o'rta ta'lim maktablarining
3-sin i uchun darslik
(Qozoq tilida)*

Суретші Ферузбек Матякубов

Редактор *Сайфуллаев Бауыржан Көркөмдеуші*
редактор *Сарвар Фармонов* Техникалық
редактор *Акмал Сулаймонов*
Дизайнер *Алимардон Ақилев*
Компьютерде беттеген *Шахобиддин Махмадиев*

Басуға 08.04. 2022 жылда рұқсат етілді. Пішімі
60×84^{1/8}. Гарнитурасы «Arial». Кеглі 14.
Офсеттік қағаз. Шартты баспа табағы 16,74.
Есептік баспа табағы 11,87. Таралымы _____.
Тапсырыс № ____.

Bosmaxona manzili

Пайдалануға берілген оқулықтың жағдайын көрсететін кесте.

№	Оқушының аты, фамилиясы	Оқу жылы	Оқулықтың пайдалануға берілгендегі жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы	Оқулықты тапсырғандағы жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы
1						
2						
3						
4						
5						
6						

Пайдалануға берілген оқулықты оқу жылы аяқталғанда қайтарып тапсырады. Жоғарыдағы кестені сынып жетекшісі төмендегі бағалау мөлшері негізінде толтырады.

Жаңа	Оқулықты алғаш рет пайдалануға берілгендегі жағдайы.
Жақсы	Мұқаба бүтін, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыралмаған. Барлық парақтары бар, жыртылмаған, көшпеген, беттеріне жазбаған және сызбаған.
Орташа	Мұқаба езілген, аздап қана сызылған, шеттері жейілген, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыраған жерлері бар. Пайдаланушы жағынан қанағаттанарлық жөнделген. Жұлынған, кейбір беттері сызылған.
Нашар	Мұқаба былғанған, сызылған, жыртылған, негізгі бөлігінен ажыраған немесе мүлдем жоқ, нашар жөнделген. Беттері жыртылған, парақтары жетіспейді, сызып, бояп тасталған. Оқулық қалпына келтіруге жарамайды.